5.	Отсутствие тошноты и/или рвоты	0
6.	Тошнота	5
7.	Тошнота и рвота	10
	Послеоперационные боли в покое	
8.	Отсутствие боли	0
9.	Незначительные боли (ВАШ 1-3)	1-3
10.	Боли средней интенсивности (ВАШ 4-6)	4-6
11.	Боли высокой интенсивности (ВАШ 7-10)	7-10
	Послеоперационные боли при движении тела	
12.	Отсутствие боли	0
13.	Незначительные боли (ВАШ 1-3)	1-3
14.	Боли средней интенсивности (ВАШ 4-6)	4-6
15.	Боли высокой интенсивности (ВАШ 7-10)	7-10
	Общее состояние	

16.	Удовлетворительное	0
17.	Слабо выраженные клинические признаки в виде, например, общей слабости, небольшого кожного зуда, чувства беспокойства, нарушения четкости зрительного восприятия, небольших затруднений при мочеиспускании и так далее.	5
18.	Ярко выраженная клиническая симптоматика в виде выраженного головокружения, распространенного кожного зуда, крапивницы, задержки мочеиспускания, повышенного потоотделения и так далее	10
19.	Острые циркуляторные нарушения (систолическое АД ≤ 80 мм рт ст, среднее АД ≤ 50 мм рт ст, ЧСС ≤ 40 /мин или > 129 /мин)	15
20.	Острые дыхательные нарушения (затрудненное дыхание/одышка, частота дыхания ≤ 8 /мин или > 29 /мин, продолжительные паузы между вдохами, поверхностное дыхание)	15
Сумма баллов		

Шкала эффективности и безопасности обезболивания позволяет не только оценить интенсивность боли, но и четко отследить возможные осложнения проведения анальгетической терапии. Так же, решается вопрос унификации методов оценки послеоперационного обезболивания и побочных эффектов, важность которого отмечен рядом исследователей.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Apfelbaum J.L., Chen C., Mehta S.S., Gan T.J. Postoperative pain experience: results from a national survey suggest postoperative pain continues to be undermanaged. *AnesthAnalg.* 2003 August; 97 (2):534-40
2. Tittle M., Mcmillan S.C. Pain and pain-related side effects in an ICU on a surgical unit: nurses' management. *Am J Crit Care* 1994; 3; 25-30
3. Rawal N. Current issues in postoperative pain management. *Eur J Anaesthesiol* 2016; 33:160-171
4. Benhaou D. Et al. Pathos study on postoperative pain management in Europe: French data. *Anesth Reanim.* 2008 Sep; 27(9):664-78.
5. Fredheim OMS, Kvarstein G, Undall E et al. Postoperativ smerte hos pasienter innlagt i norske sykehus. *Tidsskr Nor Legeforen* 2011; 131: 1763–7.
6. Johansen A, Romundstad L, Nielsen CS et al. Persistent postsurgical pain in a general population: prevalence and predictors in the Tromsø study. *Pain.* 2012 Jul; 153 (7):1390-6. doi: 10.1016/j.pain.2012.02.018. Epub 2012 Mar 24.
7. Dolin SJ, Cashman JN. Tolerability of acute postoperative pain management: nausea, vomiting, sedation, pruritus, and urinary retention. Evidence from published data. *Br J Anaesth.* 2005 Nov; 95(5):584-91. Epub 2005 Sep 16.
8. Кодекс Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения».
9. <https://www.iasp-pain.org>.
10. Ohnhaus EE, Adler R: Methodological problems in the measurement of pain: a comparison between the verbal rating scale and the visual analogue scale. *Pain* 1975, 1(4):379-384.
11. Kuklin V., Skraastad E., Ernst G. et al. Kongsberg satisfaction score: a novel system for monitoring the status, efficacy and safety of the postoperative pain treatment. International Anaesthesia Research Society Annual Meeting, San Diego, California, USA, May 4-7, 2013.

Автор для корреспонденции: Елтаева Айгерим Аскарбековна, PhD, ассистент кафедры анестезиологии и интенсивной терапии №1 НАО «Медицинский университет Астана». Email: 8602817@mail.ru



ЕРХОДЖАЕВА Н.Х., СЕЙДИНОВ Ш.М., МОМБЕКОВ Н.А.

МКТУ им. Х.А.Ясауи, Туркестан, Казахстан

ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫНЫҢ МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША, ИНСУЛЬТТАН КЕЙІНГІ АРТРОПАТИЯЛАРДЫҢ ФЕНОМЕНОЛОГИЯСЫ

Неврологиялық тұрғыдан, артропатия дегеніміз жүйке жүйесінің біріншілік зақымдануымен туындаған буындардың бұзылуы болып табылады. Неврологиялық тәжірибеде дәрігерлер көбінесе инсульттан кейін және сирингомиелиясы бар науқастарда пайда болған артропатиялармен кездеседі. Артропатиялардың дамуы қимыл-қозғалыстарды қалпына келтіруге кедергі келтіретін, қалпына келтіру жылдамдығын бәсеңдететін және кинезиотерапияға кедергі келтіретін анықталған ауырсыну синдромының салдарынан қосардағы белсенді және пассивті қозғалыстардың көлемі айтарлықтай шектелген контрактуларды қалыптастыруға әкелуі мүмкін.

Кілттік сөздер: артропатия, бас ми инсульты, иық қол синдромы, орталық ауырсыну, спастика

ЕРХОДЖАЕВА Н.Х., СЕЙДИНОВ Ш.М., МОМБЕКОВ Н.А.

ФЕНОМЕНОЛОГИЯ ПОСТИНСУЛЬТНЫХ АРТРОПАТИЙ ПО ДАННЫМ г.ТУРКЕСТАН

Артропатия с неврологической точки зрения – это поражение суставов, обусловленное первичным поражением нервной системы. В неврологической практике, врачи чаще всего сталкиваются с артропатиями развившимися у пациентов после инсульта и у пациентов, страдающих сирингомиелией. Развитие артропатий может приводить к образованию контрактур, при которых объем активных и пассивных движений в суставах резко ограничивается из-за выраженного болевого синдрома, что препятствует восстановлению движений, замедляет скорость восстановления, и мешает проведению кинезиотерапии.

Ключевые слова: артропатия, инсульт головного мозга, плече-лопаточный синдром, центральная боль, спастика.

ERNODJAEV N.X., SEIDINOV SH.M., MOMBEKOV.N.A

PHENOMENOLOGY OF POST-STROKE ARTHROPATHIES ACCORDING TO THE DATA OF TURKESTAN CITY

Arthropathy from a neurological point of view is a joint damage caused by a primary lesion of the nervous system. In neurological practice, doctors most often encounter arthropathies developed in patients after a stroke and in patients suffering from syringomyelia. The development of arthropathy can lead to the formation of contractures in which the volume of active and passive movements in the joint is severely limited due to severe pain, which prevents the restoration of movements, slows down the recovery rate, and interferes with kinesiotherapy.

Key words: arthropathy, cerebral stroke, shoulder-scapular syndrome, central pain, spasticity.

Тақырыптың өзектілігі: Пациенттердің 60%-ында артропатиялар инсульттан кейін алғашқы 2-3 айда пайда болатын сал қолдың бұлшықет атрофиясымен байланыстырады және, әдетте, болашақта ілгеріле бермейді.

Инсульттан кейінгі кезеңде пайда болатын ауырсыну синдромдары пациенттер үшін ауыр болып табылады, олар қалпына келтіру дәрежесін айтарлықтай шектейді және қозғалыстар

мен күнделікті дағдыларды қалпына келтіру жылдамдығын бәсеңдетеді, әлеуметтік және психикалық оңалтуға кедергі келтіреді.

Мақсаты: Инсульттан кейінгі артропатиялардың феноменологиясын зерттеу.

Материалдар мен әдістер: Бұл жұмыстың негізінде инсульттан кейінгі артропатиялар, сонымен бірге олардың ерекшеліктері, туындау факторлары, әрі қарай өршуі, түзету варианттары жатады. Сырқаттың клиникалық көрінісін анықтау, анамнез мәліметтеріне, соматикалық және неврологиялық статус негізінде жүргізілді. Тамырлық зақымдалу сипаты мен өлшемі мен орналасуын, сипатын және топикасын нақтылау үшін, сонымен бірге қосарлы дисциркуляторлы энцефалопатия жоқтығын білу үшін жұмыс барысында бас миының компьютерлі томографиясы мен магнитті резонансты томографиясы қолданылды. Ишемиялық инсульттің патогенетикалық типтерін қанның биохимиялық, гемореологиялық қасиеттерін тексеру, бастың магистральды артериялары дуплексі сканирлеуді жүргізу арқылы анықтады. Қажет болған жағдайда эхокардиография жүргізіледі.


Тексерілген науқастардың жалпы сипаттамасы бойынша: зерттеуге 2018-2020 жылдары аралығында Түркістан қаласы Орталық қалалық ауруханасының Талғат ЖШС клиникасының неврология бөлімінде және Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ түрік университетінің Кеңес беру диагностикасының ерте оңалту бөліміндегі оңалту емін қабылдап жатқан инсульттен кейінгі гемипарезі бар 151 науқас тіркелді. Науқастардың орташа жасы 65 жас, науқастар ішінде 51-і әйелдер (орташа жасы 66) және 100-і ер адам (орташа жасы 61).

Буындардың зақымдануына байланысты барлық науқастар 2 топқа бөлінді: бірінші топқа буындары зақымданбаған инсульттан кейінгі гемипарезі бар 90 науқас (59%), ал екінші топта артропатиямен жүретін инсульттан гемипарездері бар 61 науқас (41%) енгізілді.

Бірінші топ науқастардың орташа жасы 63 жасты құрады. Олардың ішінде 61 ер адам (орташа жасы 64 жас) және 29 әйел (орташа жасы 66 жас).

Екінші топтың науқастарының орташа жасы 66 жас. Олардың ішінде ер адамдар саны – 45 (орташа жасы 65 жас), әйелдер саны – 16 (орташа жасы 66 жас). Зерттелуге енген барлық науқастарға бас миының МРТ сы мен КТ-сы жасалынған, олардың нәтижелері бойынша 151 тексерілген науқастың 120-сында ишемиялық инсульт (ИИ), ал 31-інде – геморрагиялық инсульт болған. (ГИ). Ишемиялық инсульті бар 120 науқас та 48 (40%) салданған аяқтарында буын артропатиясы анықталған. Геморрагиялық инсульті бар 28 пациенттің 13 пациентінде (43%) артропатия диагноздалған.

Демек, бірінші топта инсульттан кейінгі гемипарезі бар буыны зақымдалмаған Ишемиялық инсульті бар 72 науқас (82 %) және геморрагиялық инсульті бар 18 науқас (18 %) анықталған. Ал екінші топта инсульттан кейінгі артропатиямен қосарланып жүретін гемипарезі бар ишемиялық инсультпен ауырған - 48 науқас (80%) және геморрагиялық инсультпен 13 науқас (20%) анықталған. (1-ші сурет).



1-ші сурет - Инсульт сипатына қарай топтардағы науқастарды бөлу

Ишемиялық инсульты бар науқастарда инсульттың патогенетикалық подтипі табылған. Артропатиясы бар науқастар тобында ишемиялық инсульттің кардиоэмболикалық подтипі 16 науқаста (33%) табылған (1-ші кесте).

1-ші кесте - Ишемиялық инсульт подтипі бойынша тексерілген науқастар тобын бөлу

	АТИ	ГДИ	КЭИ	Лакунарлы	ГРИ	Себебі анықталмаған
Инсульттан кейінгі гемипарезі бар барлық науқастар (n=120)	22 (18%)	26 (22%)	26 (22%)	29 (24%)	-	17 (14%)
Артропатиясы бар науқастар (n=48)	-	14 (29%)	16 (33%)	10 (21%)	-	8 (17%)

Зерттеу барысында инсульт орналасуын бағалаумен қатар жарты шарлар инфарктысының өлшемін бақылау жүргізілді. Науқастардың екі тобында да мишық пен ми бағанасы инфарктысымен салыстырғанда жарты шарлардың инфарктысының болуы анықталды.

Инфакттың оң жарты шарлы орналасуы артропатиясы жоқ 20 науқаста (28%), және артропатиясы бар 30 науқаста табылды.(63%); сол жарты шарлы ошақтар артропатиясы жоқ 39 науқаста (54%) және артропатиясы бар 16 науқаста (33%) орналасқан. Мишық пен ми бағанасы инфарктысының орналасуы бірінші топтың 13 науқасында (18%), және екінші топтың 2 науқасында бар. (4%).

Жартышарлы инфаркттар арасында артропатиясы бар науқастарда терең инфаркттар орын алды (54%).

Жарты шарлы инфаркттың өлшемін бағалауда артропатиясы бар науқастар тобында ошақтың орташа өлшемі -28 науқаста (58%) анықталғаны байқалды, мұнымен бірге буындары зақымданбаған науқастар тобында аз өлшемдегі инфаркттар 25 науқаста анықталғаны байқалды.(35%) (2-ші кесте).

2-ші кесте – Тексерілген науқастардағы жарты шарлы инфаркттер өлшемдері мен ишемиялық инсульттің орналасуы, n (%)

Сипаты	Инсульттан кейінгі гемипарезі бар барлық науқастар (n = 120)	Артропатиясы бар науқастар (n = 48)	Артропатиясы з науқастар (n = 72)
Жартышарлы инфаркттер локализациясы:			
оңжақты	50 (42%)	30 (63%)	20 (28%)
Сол жақты	55 (46%)	16 (33%)	39 (54%)
қыртысты	15 (13%)	4 (8%)	11 (15%)
Қыртыс- қыртысасты	45 (38%)	16 (33%)	29 (40%)
тереңдеген	45 (38%)	26 (54%)	19 (26%)
Жартышарлы инфаркттер өлшемі:			
үлкен	28 (23%)	10 (21%)	18 (25%)
Орташа	44 (37%)	28 (58%)	16 (22%)
кіші	33 (27,5%)	8 (17%)	25 (35%)
Ми бағанасы мен мишықтың инфарктысы	15 (13%)	2 (4%)	13 (18%)

Қозғалыс бұзылыстарының дәрежелерін сипаттаумен қатар тексерілген науқастардың неврологиялық статусын бағалау үшін 1982 ж. NIHSS (National Institutes of Health Stroke Scale) Денсаулық Ұлттық институтының PMFA неврология ҒЗИ-ның ғалымдары Столярова Л.Г. Кадыков А.С., Ткачева Г.Р. в өңдеген шкаласы қолданды.

PMFA неврология FЗИ-нің шкаласы бойынша тексерілген науқастардың қолдарындағы парез деңгейін бағалау кезінде науқастарда балл көрсеткіштері мынаған сәйкес болды; ауыр парезбен – 4,0 балл, айқын парезбен– 3,0 балл, мардымсыз парезбен – 2,0 балл және жеңіл парезбен – 1,0 балл. NIHSS Денсаулық Ұлттық институтының шкаласы бойынша қол парезінің деңгейін бағалау кезінде балл саны мына көрсеткіштерге ие болды: ауыр парезі бар науқастар үшін – 3,0 балл, айқын парезі бар науқастар үшін үшін – 2,0 балл, мардымсыз парезбен – 1,0 балл, парез айқындылығының жеңіл дәрежесі орташа 0,5 балл.

Парез айқындылығының дәрежесін бағалау кезінде анықталды: Ауыр және айқын парез тексерілген бірінші топтың 33 науқасында (28%) және екінші топтың 40 науқасында (67%) табылды; мұндағы айтпағымыз, өте ауыр парез инсульттан кейінгі артропатиясы жоқ 15 науқаста (17%) және инсульттан кейінгі артропатиясы бар 25 науқаста (42%) болды. Парездің айқын дәрежесі бірінші топтың 18 науқасында (21%) және екінші топтың 15 науқасында (25%) кездесті. Мардымсыз және жеңіл парездер бірінші топтың 55 науқасында (63%) және екінші топтың 20 науқасында (33%) тіркелді. (3-ші кесте).

Осылайша, артропатиясыз науқастарда қолдың парезінің мардымсыз және жеңіл дәрежесі, ал артропатиясы бар науқастарда – ауыр және айқын дәрежесі бар екендігі мәлім болды. Берілген факт бойынша, инсульттан кейінгі буын зақымдануы бар науқастарда қол парезінің айқын дәрежесінің даму мүмкіндігі бұл науқастағы иық буыны мен иық сүйегі басының шығуына әкеп соқтыруымен байланысты болып тұрғандығын дәлелдейді (неврологиялық жеткіліксіздіктің ауыр және айқын дәрежесі)

3-ші кесте - Тексерілген науқастардың қозғалыс бұзылыстары

Белгілері		Артропатиясы жоқ науқастар (n=88)	Артропатиясы бар науқастар (n=60)
Қолдағы парез дәрежесі	Ауыр және айқын	33 (38%)	40 (67%)
	Ауыр парез	15 (17%)	25 (42%)
	Айқын парез	18 (21%)	15 (25%)
	Мардымсыз және жеңіл дәрежелі	55 (63%)	20 (33%)
	Мардымсыз дәрежелі	35 (40%)	13 (22%)
	Жеңіл дәрежесі	20 (23%)	7 (11%)
Қолдағы тонустың бұзылысы	Ауыр спастикалық	25 (28%)	20 (33%)
	Мардымсыз және жеңіл спастикалық	39 (44%)	26 (44%)
	Мардымсыз спастикалық	20 (23%)	11 (19%)
	Жеңіл спастикалық	19 (21%)	15 (25%)
	Гипотония немесе бұзылыс жоқ	24 (27%)	14 (23%)
	Гипотония	13 (15%)	9 (15%)
	Бұзылыс жоқ	11 (12%)	5 (8%)

Қорытынды: Буындардың зақымдануына байланысты барлық науқастар 2 топқа бөлінді: бірінші топқа буындары зақымданбаған инсульттан кейінгі гемипарезі бар 90 науқас (59%), ал екінші топта артропатиямен жүретін инсульттан гемипарездері бар 61 науқас (41%) енгізілді. екінші топта инсульттан кейінгі артропатиямен қосарланып жүретін гемипарезі бар ишемиялық инсультпен ауырған - 48 науқас (80%) және геморрагиялық инсультпен 13 науқас (20%) анықталған. 2 типті қант диабеті артропатиясыз 15 науқаста (17%), және артропатиямен 5 науқаста (8%) көрініс тапқан. Парез айқындылығының дәрежесін бағалау кезінде анықталды: Ауыр және айқын парез тексерілген бірінші топтың 33 науқасында (28%) және екінші топтың 40 науқасында (67%) табылды; мұндағы

айтпағымыз, өте ауыр паез инсульттан кейінгі артропатиясы жоқ 15 науқаста (17%) және инсульттан кейінгі артропатиясы бар 25 науқаста (42%) болды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Адрианов О.С. О принципах структурно-функциональной организации мозга. – М.: ОАО «Стоматология», 1999. – 252 с.
2. Алексеев В.В. Локальная терапия в комплексном лечении болевых синдромов// Consilium medicum.- 2005.-Т.7.- N 8. – С. 677-680.
3. Анохин П.К. Очерки по физиологии функциональных систем. – М.: Медицина, 1975. – 477 с.
4. Бабенков Н.В., Шмырев В.И., Крылова С.В., Васильев А.С., Шушарина Л.Я., Андреева Н.Я., Носенко Е.М., Кривецкий А.В., Система восстановительного лечения постинсультных больных. // Материалы III Международной конференции по восстановительной медицине (реабилитологии). Москва, 2000г., с.148-151
5. Беленков Н.Ю. Принцип целостности в деятельности мозга. – М.: Медицина, 1980.

Автор для корреспонденции: Ерходжаева Н.Х. - Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ медицина факультетінің магистранты, Туркестан, Қазақстан, ahlisunna7@mail.ru, +7702 882 0400



УДК: 616.314-002-08:615.837.3

ӘЛМАХАНОВА Ә.Н.

“С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті” КЕАҚ

ТЕРАПИЯЛЫҚ СТОМАТОЛОГИЯДА АУАЛЫ-АБРАЗИЯЛЫҚ ЕГЕП-ТАЗАЛАУ ӘДІСІ

Қазіргі уақытта тісжегіні емдеу патологиялық тіндерді алудан және ақауды пломбалық материалмен толықтырудан тұрады. Тістерді егеп-тазалау сапасы мен тиімділігін арттыру қазіргі заманғы стоматологияның маңызды мәселелерінің бірі болып табылады, оны шешу тісжегімен зақымдануды және қайта емдеуге арналған шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Заманауи деректерге сәйкес, физиологиялық факторларды қолдану - тістерді ауалы-абразиялық әдіспен егеп-тазалау перспективалы болып табылады. Кинетикалық егеп-тазалау құрал-жабдықтарының технологиясы тудыратын үлкен қуатты ағынмен және егеп-тазалау қарқындылығын арттыратын қатты ұнтақ бөлшегімен бірге әсер ету берілген әдісті қолдану үшін жаңа перспективаларды ашады.

Кілтті сөздер: тісжегі, егеп-тазалау, ауалы-абразиялық ұштық.

ALMAKHANOVA A. N.

NJSC «S.D.Asfendiyarov Kazakh National medical university»

METHOD OF AERO-ABRASIVE DISSECTION IN THERAPEUTIC SOMATOLOGY

Currently, the treatment of caries is reduced to excision of pathological tissues and replacement of the defect with filling material. Improving the quality and efficiency of dental preparation is one of the important problems of modern dentistry, the solution of which will reduce the incidence of caries and reduce the cost of repeated treatment. According to modern data, the use of physiological factors - air-abrasive preparation of teeth is promising. The high

flow power provided by the equipment for kinetic preparation technology, combined with a solid grain of powder that increases the intensity of the impact, opens up new prospects for the application of the method.

Keywords: caries, preparation, Aero-abrasive handpiece

ӘЛМАХАНОВА Ә.Н.

НАО “Казахский Национальный медицинский университет им.С.Д.Асфендиярова”

МЕТОД АЭРО-АБРАЗИВНОГО ПРЕПАРИРОВАНИЯ В ТЕРАПЕВТИЧЕСКОЙ СОМАТОЛОГИИ

В настоящее время лечение кариеса сводится к иссечению патологических тканей и замещению дефекта пломбировочным материалом. Повышение качества и эффективности препарирования зубов является одной из важных проблем современной стоматологии, решение которой позволит снизить заболеваемость кариесом и уменьшить затраты на повторное лечение. Согласно современным данным, перспективным является применение физиологических факторов - воздушно-абразивное препарирование зубов. Большая мощность потока, обеспечиваемая оборудованием для технологии кинетического препарирования, в сочетании с твердым зерном порошка, повышающим интенсивность воздействия, открывает новые перспективы для применения метода.

Ключевые слова: кариес, препарирование, аэро-абразивный наконечник.

Қазіргі уақытта тістердің тісжегімен зақымдануы - бет-жақ жүйесінің ең кең таралған ауруы болып саналады. Стоматология саласындағы емдеу-алдын алу мекемелерінде науқастарға медициналық көмек көрсетудің жалпы құрылымында тісжегі науқастардың барлық жас топтарында кездеседі. 35 және одан жоғары жастағы ересек тұрғындарда тісжегінің таралуы 98-99%-ды құрайды. Соңғы екі онжылдықта балалар арасында да, әсіресе экономикалық дамыған елдерде тісжегімен зақымданудың өсу үрдісі байқалады, 6-7 жасқа қарай балаларда 80-90% - ы әртүрлі тереңдіктегі тісжегі байқалады [1,2].

Тісжегіні емдеу патологиялық тіндерді алудан және ақауды пломбалық материалмен толықтырудан тұрады. Тісжегіні егеп-тазалау көп еңбекті қажет ететін кезең болып табылады, оның ерекшеліктері тісжегі қуысының орналасуына, тістің зақымдану көлемі мен тістің топтық тиістілігіне, ауыз қуысының гигиеналық жағдайына, науқастардың эстетикалық талаптарына, сондай-ақ пломбалық материалдың қасиеттеріне байланысты. Тістерді егеп-тазалау сапасы мен тиімділігін арттыру қазіргі заманғы стоматологияның маңызды мәселелерінің бірі болып табылады, оны шешу тісжегімен зақымдануды және қайта емдеуге арналған шығындарды азайтуға мүмкіндік береді [3,4].

Тісті егеп-тазалау барысында жергілікті және жалпы асқынуларды туғызатын бірқатар ықпалдар бар. Жалпы әсер ететін факторларға күйзеліс, психоэмоционалды жағдайлар, ауру сезімі, жүрек-қантамыр және нейроэндокриндік жүйелерінің қызметтерінің бұзылуы, инфекциялық аурулар және т.б. Ал жергілікті факторларды атап өтсек, олар - механикалық күш түсіру, термиялық жарақат, толқындармен әсер ету, микробтық инвазия.

Негізінен ең оңтайлы деген борды және егеуге арналған жылдамдықты таңдап, егеп-тазалау жұмыстарын жүргізгеннің өзінде, тіске түсетін кинетикалық энергияның шамасы жоғары болады және ол тістің барлық беті бойымен бірдей таралмайды. Осыдан тіс ұлпасының күйі, кіреуке мен дентинде болатын микросызаттар, науқастың көңіл күйі мен жалпы жағдайына кері әсер ететін құрал саймандар туғызатын микротолқын мен дыбыстар болады. Салқындатусыз алмазды борлармен жүргізілген егеп-тазалау жұмыстарында температура деңгейі 225-257° С дейін, ал металды борлармен - 300-320° жетеді. Осының нәтижесінде тіндерде қайтымсыз үрдістер пайда болады –

одонтобласттардың бұзылуы, қантамырлардың кеңеюі, тіс ұлпасына қанқұйылу, дөңгелекжасушалы инфильтрация, прединт өліеттенуі (некроз) [5,6,7].

Тісжегі қуысын емдеу барысында дәстүрлі егеп-тазалаудың кемшіліктері тіс тіндерінің құрылымын ең аз шамада ғана өзгеріске алып келетіндей етіп тістің қатты тіндерін өңдейтін басқа тәсілдерін ойлап табуға итермеледі.

Заманауи мәліметтерге сүйенсек, патологиялық өзгеріске ұшыраған тіндерді алып тастаудың перспективалық үлгісі физиологиялық факторларды (ультрадыбысты, лазерлі, ауалы-абразиялық және т.б.) пайдалану. Біздің көзқарасымыз бойынша ең оңтайлысы - тістерді ауалы-абразиялық егеп-тазалау. Кинетикалық егеп-тазалау барысында, қатты дөңді ұнтақтарды пайдаланып, келетін ағымның шамасын, қарқындылығын арттыруы, осы әдісті пайдаланудың жаңа мүмкіншілігін ашады. [8, 9,10].

Бүгінгі таңда дәрігер-стоматологтың арсеналында тістің қатты тіндерін егеп-тазалаудың бірнеше түрлі әдістері мен құрал-жабдықтарының үлкен таңдауы бар, бұл тек жұмысты жеңілдетіп және жүргізілетін емнің нәтижелілігін жақсартып қана қоймай, тісжегіні емдеуге байланысты психологиялық кедергілерді азайтуға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі егеп-тазалау әдісімен салыстырғанда, абразиялық бөлшектер мен ауа ағындарының көмегімен егеп-тазалаудың артықшылықтары көп және мыналарды қамтиды:

- ауалы-абразиялық егеп-тазалау әдіс егеу барысында дыбыс, қысым, діріл тудырмайды;

- егеп-тазаланатын тіс ұлпалары қызуының болмауы, себебі ұштық басында айналатын және үйкелетін бөліктер жоқ;

- кіреукені қышқылмен өңдеу және дентиннің "майланған" қабатын жою қажеттілігінің болмауы;

- егеп-тазаланатын тіндердің көлемін көзбен бақылау мүмкіндігі;

- ауа абразивтері емделетін тісте әлдеқайда сау тіндерді қалдырады;

- тісті қоршаған сау тіндерінің минималды зақымдануы;

- ауыз қуысы қызылиегінің және шырышты қабатының ең аз мөлшерде жарақаттануы;

- ұштықтар мен шүмектерді антисептикалық өңдеу қарапайымдылығы;

- жұмыс жүйесінің беріктігі және сенімділігі;

- өте аз көлемдегі қуыстарды егеп-тазалау мүмкіндігі;

- тістің барлық тіндерін және кез келген пломбалық материалынан дайындалған пломбаны бір ғана ұштықпен, құрал бөлшектерін ауыстыруынсыз егеп-тазалап алып тастау мүмкіндігі;

- ауа абразивтері анестезия қажеттілігін төмендетеді, әсіресе тістің зақымдануы терең емес жағдайларда;

- ауа абразивтері салыстырмалы құрғақ жұмыс аймағын қалдырады, бұл композитті пломбаларды салу кезінде артықшылық болып табылады;

- ауа абразивтері микрожарықтар мен тістің ұсақтау қаупін төмендетеді;

- екіншілік тісжегінің даму ықтималдығының төмендігі;

- бөлшектердің тиімді ағыны есебінен егеп-тазалау уақытын айтарлықтай жеделдету мүмкіндігі;

- ауа абразивтері стоматологқа науқастың бір қаралуына бірнеше тістерді емдеуге мүмкіндік береді [11].

Сонымен қатар, науқастарға эмоционалдық әсер етудің қолайлылығы бойынша ауалы-абразиялық егеп-тазалау әдістемесі басқа тістің қатты тіндерін механикалық өңдеу құралдарымен салыстырағанда тең келер емес.

Қазіргі уақытта стоматологиялық көмек көрсету сапасын арттыру мүмкіндігі айтарлықтай өсті. Бір жағынан, бұл медицинаның қарқынды дамуымен тікелей байланысты, өйткені ғылым бір орында тұрмайды, сондықтан әрбір сала өз кезегінде қарқынмен қатар дамуы тиіс.

Жоғарыда айтылған әдеби деректерді ескере отырып, біз тістерді егеп-тазалау үшін ауалы-абразиялық ұштықтың жаңа түрін ұсындық, егеу барысында өзінің ауа ағымының турбуленттілігінің өзгеуіне байланысты абразиялық материалдардың жылдамдығын арттыру арқылы тістің қатты тіндерін егеп-тазалай алады. Ол патологиялық өзгерген тістің тіндерін түбегейлі егеп алып тастауға мүмкіндік береді. Бұл ретте бұл әдіс биологиялық мақсаттылық шегінде егеп-тазалау қағидасын ұстануға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Золотарева О.В. Оптимизация препарирования твердых тканей зубов при кариесе различными ротационными инструментами: автореф. дис..канд.мед.наук.-М.,2007.-23с.
2. Калинина Ж.П. Характеристика основных поверхностных травматических повреждений эмали зубов человека: автореф. дис.....канд. мед. наук. - Омск, 2003.- 22 с.
3. Кунин В.А., Шумилович Б.Р. Сравнительная характеристика изменений микроструктуры эмали и дентина под влиянием различных видов одонтопрепарирования // Системный анализ и управление в биомедицинских системах. - 2008. -Т. 7, № 3. - С. 766-771.
4. Николаев А.И., Цепов Л.М. Практическая терапевтическая стоматология: учеб. пособие. - 7-е изд. -М.: МЕДпресс-информ, 2007 - 928 с.
5. Шарова Т.Н., Сунцов В.Г., Бойко В.В. и др. Изучение психоэмоционального и соматического состояния пациентов на стоматологическом приеме // Институт стоматологии. - 2008. - № 1 (38). -С. 96-98.
6. Шумский А.В., Елин В.А. Изменения твердых тканей зуба при различных режимах препарирования // Клиническая стоматология. - 2003. - № 3. - С. 30-32.
7. Иванова С.Б. Влияние давления режущего инструмента и охлаждения на температурное напряжение в зубах при препарировании // Стоматология. -1987. -№ 2. - С. 20-24.
8. Барер Г.М., Овчинникова И.А., Завьялова В.А. Препарирование кариозных полостей с помощью аппарата Air Flow рер К 1 // Клиническая стоматология.- 2001. - № 3. - С. 66-68.
9. Елин В.А. Оптимизация технологий подготовки твердых тканей зуба к реставрации: автореф. дис канд. мед. наук. - Самара, 2004. - 25 с.
10. Краснослободцева О.А. Опыт и алгоритм препарирования окклюзионной поверхности зубов борами SS WHITE // Институт стоматологии. -2006.-№4(33). -С.112-115.
11. Орехова Л.Ю., Оскас Н.С. Изучение влияния различных воздушно-абразивных средств на структуру эмали зуба // Пародонтология. - 2004. - Т. 43, № 1.- С. 33-38.

Автор для корреспонденции: Элмаханова Әзиза - магистрант 1-го года обучения, НАО КазНМУ им С.Ж.Асфендиярова, электронный адрес: almakhanova_aziza@mail.ru



УДК: 616-006.04

**ЖҰМАҒҰЛОВА ӘСЕЛ КӨПЖАНҚЫЗЫ^{1, 2}, АРЫБЖАНОВ ДАВРАНБЕК
ТҮРСҰНҚҰЛҰЛЫ², НҮРБАБА РУСЛАН КОПЖАНҰЛЫ³**

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

² «Қалалық онкологиялық орталық» Шымкент қаласы

³Оңтүстік Қазақстан Фармацевтика академиясы

БҮЙРЕК ІСІГІНІҢ АЛДЫН АЛУ: ДИССЕМНИРЛЕНГЕН БҮЙРЕК ІСІГІ

Аннотация:

Бүйрек ісігі - кең таралған сырқат, ДДҰ деректері бойынша барлық қатерлі ісіктердің 3% - ға дейін құрайды. Жыл сайын әлемде бүйрек ісігімен 200000 жаңа жағдайы тіркеледі және бұл сан өсіп келеді, ал емдеу нәтижелері жақсарудың елеусіз үрдісін ғана көрсетеді. Бүйрек ісігінен болатын өлім аурушандықтың өсуімен қатар артады: егер 2010 жылы әлемде бүйрек ісігінен 52000 адам қайтыс болса, 2017 жылы - 91000. Несеп-жыныс жүйесінің ісіктері арасында бүйрек ісігі екінші орында, ал өлім-жітім бойынша бірінші орында тұр.

Түйінді сөздер: бүйрек ісігі, метастаз, химиоэмболизация, жергілікті-таралған, таргеттік терапия, алдын алу.

¹ЖУМАГУЛОВА АСЕЛЬ КОПЖАНОВНА, ²АРЫБЖАНОВ ДАВРАНБЕК ТУРСУНКУЛОВИЧ, ³НУРБАБА РУСЛАН КОПЖАНОВИЧ

¹ Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Яссави

² «Городской онкологический центр " города Шымкент

³ Южно-Казахстанская фармацевтическая академия

ПРОФИЛАКТИКА РАКА ПОЧКИ: ДИССЕМНИРОВАННЫЙ РАК ПОЧКИ

Рак почки является распространенным заболеванием человека и составляет по данным ВОЗ до 3 % всех злокачественных новообразований. Ежегодно в мире регистрируется 200000 новых случаев РП, и эта цифра продолжает возрастать, в то время как результаты лечения имеют лишь незначительную тенденцию к улучшению. Смертность от рака почки повышается параллельно росту заболеваемости: если в 2010 г. в мире умерло от рака почки 52000 человек, то в 2017 г. - 91000. Среди опухолей мочеполовой системы рак почки занимает второе место, а по смертности находится на первом месте.

Ключевые слова: рак почки, метастаз, лечение, местно-распространенный, профилактика.

¹ASSEL KOPZHANOVNA ZHUMAGULOVA, ²ARYBZHANOV DAVRANBEK TURSUNKULOVICH, ³NURBABA RUSLAN KOPZHANOVICH

^{1,2}Hodge Ahmed Yasavi International Kazakh-Turkish University

² "City cancer center" Shymkent city

³ South Kazakhstan Pharmaceutical Academy

KIDNEY CANCER PREVENTION: DISSEMINATED KIDNEY CANCER

Kidney cancer is a common human disease and accounts for up to 3% of all malignant neoplasms according to WHO. Every year, 200,000 new KC cases are reported worldwide, and this figure continues to increase, while the results of treatment tend to improve only slightly. Mortality from kidney cancer increases in parallel to the increase in morbidity: while 52,000 people died of kidney cancer in 2010, 91,000 died in 2017. Among urogenital tumors, kidney cancer ranks second and mortality takes the highest position.

Keywords: kidney cancer, metastasis, treatment, local-spread, prevention.

Дүниежүзі бойынша жыл сайын бүйрек ісігінің 189,1 мың жаңа жағдайы тіркеледі және осы сырқаттан 91,1 мың науқас көз жұмады [1, 3]. Қазақстанда 2018 жылы 1201 жаңа жағдайлары анықталды. 2016 жылдағы өлім-жітім көрсеткіші 371 науқас. 15 жағдайда бүйрек ісігі науқас қайтыс болғаннан соң анықталған [4].

Урологиялық ісіктердің арасында бүйрек ісігі қуық және қуық асты безінің ісіктерінен кейінгі үшінші орынға ие, ал өлім-жітім көрсеткіші бойынша бірінші орынға ие. Бүйрек ісіктеріне аурушандықтың географиялық тұрғыда оңтүстіктен солтүстікке қарай өсуі тән. Дүниежүзі бойынша Солтүстік Америка және Скандинавия мемлекеттерінде аурушандық жоғары болса, Үндістан және Қытайда аурушандық төмен деңгейде. Қазақстанда да сырқаттың таралуы Солтүстік өңірлерде Оңтүстікке қарағанда жоғары болып табылады [5].

Сонымен қоса, мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік дамуына байланысты аурушандық көрсеткіші әртүрлі.

Бүйрек ісігімен сырқаттану ер азаматтарда әйел азаматтарға қарағанда 2 есе жоғары, сонымен қоса 50-70 жас аралығындағы азаматтарда жиі кездеседі [2,3]. Науқастардың арасында жасы-40-70 жастағы азаматтарда басымдылыққа ие. Бүйрек ісігі локализацияланған (T1-2N0M0) –50-55%, жергілікті кең таралған (T3-4N0-1M0) –20-25%, метастатикалық (TxNxM1) – 15-20%, сондай-ақ жеке топ жергілікті кең таралған ісік, ісік көктамыр тромбозымен асқынған түрін бөлеміз (T3в-сN0-1m0) – 4-10% [13, 14, 12]. 25-30% жағдайда бүйректің ісігі кеш анықталады, себебі ісіктің көлемі бүйрекпен шектеліп симптомсыз ағымда өтеді, көлемі бүйректің шекарасынан шығып, басқа анатомиялық ағзаларға таралған уақытта сырқат көрініс береді. Ұзақ симптомсыз ағым паранефралды кеңістіктің көлемді болуына байланысты. Әдеттегі бүйрек ісігі кезіндегі симптомдар үштігі: зәрде қанның анықталуы, бүйірдегі, белдегі ауру сезімі, бүйрек тұсында көлемді ісіктің анықталуы. Бұл симптомдар кейбір зерттеушілердің пайымдауынша «кеш үштік» делінеді.

Этиология: Бүгінгі күні темекі шегу түрлі қатерлі ісіктердің даму қаупінің ең маңызды факторларының бірі болып табылатыны дәлелденген. Екі жыныстық топтың темекі шегушілерінде бүйрек ісігінің пайда болу қаупі темекі шекпейтін халықпен салыстырғанда 30% - дан 60% - ға дейін өседі. Темекі шегуден бас тартқан кезде аурудың даму ықтималдығы төмендейді [9,10]. Семіздік бүйрек-жасуша обырымен сырқаттанушылық жиілігінің 20% - ға артуына әкеледі. Салмақтың ауытқуы, сондай-ақ ересектерде дене салмағының едәуір ұлғаюы осы патологияның даму қаупінің тәуелсіз факторлары болып табылады. Бірнеше эпидемиологиялық зерттеулерде артериялық гипертензиямен ауыратын науқастарда бүйрек обырының даму қаупінің 20% - ға артуы байқалды. Бүйрек-жасушалық Обыр дамуының себебі гипертензия немесе ісіктің дамуы әртүрлі гипотензиялық препараттарды қолданумен потенциалданады ма деген сұрақ ашық күйінде қалып отыр. Көптеген авторлар бүйрек-жасушалық обырдың пайда болуын диуретикалық препараттарды пайдалана отырып байланыстырады. Әртүрлі көрсеткіштер бойынша несеп айдайтын заттарды алған науқастарда осы патологияның даму тәуекелі 30% - дан астамды құрайды. Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінің терминалдық сатысы кезінде бүйрек-жасушалық обырының даму қаупі жоғары. Бірқатар жұмыстарда қант диабетімен ауыратын науқастарда бүйрек-жасушалық Обыр аурушандығының артуы байқалды [10].

Жіктелуі: Тәжірибелік мақсатта бүйрек паренхимасының ісіктерін және бүйрек түбекшесінің ісіктерін бөліп алған жөн, өйткені олар құрылысы, таралу жолдары, диагностикасы және емдеу әдістері бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Бүйрек ісіктері қатерсіз немесе қатерлі, бастапқы немесе қайталама болуы мүмкін (яғни метастатикалық немесе қатар орналасқан мүшелерден өсетін) [12,13].

Бүйрек ісігінің морфологиялық (гистологиялық) жіктелуі төрт нұсқаны көздейді:

1. Бүйректің ашық жасушалы обыры (классикалық гипернефроидті ісік);
2. Дәндіжасушалы ісік (күңгірт түсті ісік);
3. Бүйректің ұршық жасушалы ісігі (полиморфты-клеткалы, солиднотубулярлық ісік);
4. Бүйрек безінің қатерлі ісігі.

Жиі бүйрек обырының бастапқы құрылысының жеңіл жасушалық нұсқасы бар.

Соңғы жылдары ісік процесінің морфологиялық сипаттамасына қатерлілік градация енгізілді (J гистопатологиялық градациясы):

- * Gx-саралау дәрежесі анықталуы мүмкін емес;
- * G1-жоғары дифференттік ісік;
- * G2-орташа сараланған ісік;
- * G3-төменгі дифференцияланған ісік;
- G4-дифференцияланған ісік.

Клиникалық практикада онкологтар бүйрек-жасушалық обырының TNM халықаралық жіктемесін пайдаланады, мұнда T – бастапқы ісіктің таралуы, N – аймақтық лимфа түйіндерінің зақымдануы, M – алыс метастазалар. T санаты физиологиялық тексеру және диагностиканың сәулелік әдістері негізінде, N санаты – физиологиялық тексеру және

сәулелік әдістер негізінде, М санаты – физиологиялық тексеру және сәулелік әдістер негізінде белгіленеді. Аймақтық лимфа түйіндері бүйрек қақпасының түйіндері, абдоминальды, параоартальды және паракавальды.

Симптоматика: Ересектерде бүйрек ісігінің симптоматикасы өте әртүрлі. Бұл аурудың клиникалық көрінісінде симптомдардың "классикалық триадасын" (ауырсыну, макрогематурия және пальпацияланатын ісік), бұл симптомдар Жергілікті деп есептеледі. Алайда, бүйрек обыры кезінде жоғарыда сипатталатын симптомдардың классикалық триадасы науқастардың 15% ғана кездеседі, қазіргі уақытта "классикалық триада" сирек кездеседі. Көптеген жағдайларда ауру симптомсыз өтеді. Сонымен қатар, бүйрек обырымен ауыратын науқастарда аурудың "жалпы" белгілері байқалады: дене қызуының көтерілуі, арықтау, анемия, бүйрек дисфункциясы, екінші рет эритроцитоз, гиперкальциемия. Бүйрек обырының жергілікті симптомдарына тұқымдық канатник көктамырының варикозды кеңеюі жатады. Гематурия бүйрек обырымен ауыратын науқастардың 50-65% - да және аурудың барлық сатыларында бірдей байқалады [15,5].

Емі: Ерте диагностиканың жетістіктеріне қарамастан, бүйрек ісігінің асқынған ісігімен науқастардың үлес салмағы жоғары. Сондықтан науқастарды емдеу тиімділігін арттыру жергілікті-таралған бүйрек қатерлі ісігі өзекті мәселе болып табылады [6,7].

Хирургиялық ота науқастарды емдеудің жалғыз тиімді әдісі болып саналады [13,16]. Соңғы уақытқа дейін стандарт бойынша жергілікті кең таралған обырды хирургиялық емдеу бүйректің радикалды нефрэктомия деп танылды. Алайда, нақтылауды талап ететін зат лимфодиссекция көлемі болып табылады [4]. Сонымен қатар емнің комплексті түрлері қолданады: нефрэктомия, эмболизация, иммунотерапия, химиотерапия, таргетті терапия.

Клиникалық практикада қатерлі ісіктің клиникалық және патологоанатомиялық сатысындағы айырмашылықтар байқалады бүйрек [8,9]. Атап айтқанда, клиникалық операция патолоанатомиялық зерттеу кезінде бүйрек обыры жергілікті таралған болып жіктеледі.

Бүйрек ісігінің диагностикасы.

Бүйрек ісігінің уақытылы анықталуы сырқаттан айығудың кепілі болып табылады. Қазіргі таңда бүйректің ісігін ерте анықтауға мынадай ұсыныстар беруге болады: -жылына 1 рет жалпы зәр анализы;

- жылына 1 рет құрсақ қуысының және бүйректің, кіші жамбас қуысының ультра дыбысты зерттелуі;

- санитарлы-ағарту іс-шараларын қауіп-қатер тобындағы науқастар арасында жүргізу, ісіктің бірінші белгілері жайында мағлұматтар тарату;

- біріншілік деңгейдегі дәрігерлер арасында онкологиялық сырқаттар бойынша біліктілігін жоғарылату;

- өз өмірінде зиянды әдеттерге жол бермеу, өз салмағын қадағалау, дене шынықтырумен айналысу және дұрыс тамақтану режимін сақтау [18];

- артериялық қан қысымының деңгейін норма шегінде ұстау;

Бүйрек ісігінің диссеминарленген түрінің алдын алу шарасы:

- ісік диагнозы қойылған және сол себепті ота жасалған науқастар алғашқы жылы 3 айда 1 рет тексерістен өтуі қажет, кейін 6 айда 1 рет.

- КТ және МРТ жылына 1 рет, ПЭТ КТ.

Қауіп –қатердегі топтағы азаматтар:

- жыныстық гормондардың, атап айтқанда эстрогендердің оңтайлы балансының бұзылуы;

- тұқым қуалайтын факторлар-аурудың отбасылық түрлерінің болуымен көрінеді;

- кәсіби зияндылық — Кокс қосылыстары, асбест, хош иісті аминдермен жұмыс істейтін адамдардың бүйрек ісіктері дамуының байланысы байқалады;

- анамнезінде қабыну сипаты, қатерсіз түзілуі немесе туа біткен даму кемістігі бар созылмалы бүйрек аурулары бар адамдар;

- семіздік қауіп-қатерді 20-% арттырады;

- темекі шегу бүйрек ісігінің ықтималдығын бір жарым есеге арттырады;

- жатырды алып тастағаннан кейін әйелдердің арасында бүйрек тініндегі онкопроцестің даму қаупі екі есе артады [19,17].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Давыдов М.И., Аксель Е.М. Злокачественные новообразования в России и странах СНГ в 2003 г. - М., 2005. - 265 с.
2. Герасименко В.Н. Реабилитация онкологических больных.-М.:Медицина.1988.-270с.
3. Злокачественные новообразования в России в 2006 году (заболеваемость и смертность). /Под ред. В.И.Чиссова, В.В.Старинского. - М., 2007. - 262с.
4. Показатели онкологической службы Республики Казахстан за 2018 год (статистические и аналитические материалы)/КазНИИОиР. Алматы 2019 г.
5. Абисатов Х. Онкология. 2 том. // А. 2004. 398.
6. Журавлев В.Н., Зырянов А.В., Бершадский А.В. и соавт. Наш опыт адъювантной иммунотерапии при местно-распространенном раке почки // Материалы 1 конгресса Российского общества онкоурологов. — 2006.-С.138-139.
7. Златник Е.Ю., Капкина Н.Н., Задерин В.П. и др. Иммунокоррегирующее действие переменного магнитного поля в послеоперационном периоде при злокачественных опухолях. //Вопр. онкологии - 2001.- Т.47.- №3,- С.312-314.
8. Злокачественные новообразования в России в 2006 году (заболеваемость и смертность). /Под ред. В.И.Чиссова, В.В.Старинского. - М., 2007. - 262с.
9. Иванова А.Т., Иванов И.А., Иванова А.А. Иммунотерапия онкологических больных. - М.: Печатное дело, 1995. - 208с.
10. Изгейм В.П., Лыков А.В., Симоненко В.В., Павлов Д.Ю. Регионарная лимфаденэктомия при почечно-клеточном раке // Материалы 1 конгресса Российского общества онкоурологов. - 2006. - С. 140-141.
11. Кадагидзе З.Г. Цитокины и их использование в онкологии // Int. J. Rehabilitation. - 1997. - № 6. -С.47-56.
12. Кадагидзе З.Г. Цитокины // Практическая онкология. -2003.-Т.4, №3.-С.131-139.
13. Серегин А.В., Лоран О.Б., Ашугян В.Р. Размеры рака почки. Кликоморфологические корреляции. Урология. 2009. № 3. С.42-48.
14. И.В. Александров, Б.Я. Алексеев, С.В. Быстров, М.И. Волкова, Н.В. Воробьев, Э.А. Галлямов, Е.С. Горобец, Н.Б. Забродина, И.Г. Комаров, В.Б. Матвеев, В.Л. Медведев, К.М. Ньюшко, Д.В. Перлин, В.А. Поляков, К.С. Преснов, О.В. Теодорович. Лапароскопическая хирургия в онкоурологии / Под редакцией проф. В.Б. Матвеева и д.м.н. Б.Я.Алексеева. АБВ-пресс. 2007. 216с -164ил.
15. Д. Ю. Пушкарь. Урология. Основные разделы. Издательство: МЕДпрессинформ 2004г. с. 17-13, 123-125, 144-147.
16. О.В. Теодорович, Э.А. Галлямов, К.С. Преснов, Д.А. Квон. Сравнительная оценка результатов радикальных нефрэктомий, выполненных «открытым», лапароскопическим и лапароскопически ассистированным доступами // Онкоурология, №1, 2007. С.12-18.
17. Vaidya A, Ciancio G, Soloway M 7.Vaidya A, Ciancio G, Soloway M. Surgical techniques for treating a renal neoplasm invading the inferior vena cava. J Urol. 2003; 169: 435-44.
18. К.В.Пучков, В.В.Иванов. Технология дозированного лигирующего электротермического воздействия на этапах лапароскопических операциях. Издательство: Медпрактика-М 2005г. с. 45-46, 122-123.
19. Матвеев В.Б., Волкова М.И. Лечение местно-распространенного и диссеминированного рака почки. // Вместе против рака. Врачам всех специальностей 2006;(1)с. 5-9.

Байланыстағы автор: Жумагулова Асель Копжановна, 2 курс PhD докторанты, Х.А.Яссауи атындағы ХҚТУ, assel_skr@mail.ru, 870789362 24.



ЖҮНИСОВ Б.К.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Хирургия, анестезиология және реанимация кафедрасы

ЖЕДЕЛ ПАНКРЕТИТТІҢ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация.

Мақала жіті панкреатиттің пайда болу себептері, заманауи диагностикалық ерекшеліктері, қазіргі кезде қолданылып келе жатқан алдыңғы қатардағы емдеу әдістерін талдауға арналған.

Кілт сөздер: жіті панкреатит, пайда болу себептері, диагностика, жіті панкреатитті емдеу.

ЖУНИСОВ Б.К.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ОСТРОГО ПАНКРЕТИТА

В данной статье рассмотрены актуальные вопросы развития острого панкреатита.

Ключевые слова: острый панкреатит, причины возникновения, диагностика, лечение острого панкреатита.

ZHUNUZOV B.K.

TOPICAL PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF ACUTE PANCREATITIS

This article discusses the urgent issues of the development of acute pancreatitis.

Keywords: acute pancreatitis, causes, diagnosis, treatment of acute pancreatitis.

Жедел панкреатит ауыр жағдай тудырып жиі кездесетін сырқат. Статистикалық мәліметтер бойынша шет мемлекеттерінде 40% жағдайда жедел панкреатит үнемі ішімдік қабылдаудан, 20% басқа себептерге (жарақат, зиянды дәрі-дәрмектерді қабылдау, эндокринді ауырулар және т.б.) байланысты дамиды [1,2,3].

Көп жағдайда жеңіл түрде өтіп, өзі басылатын ауру болғанымен 20% жағдайда панкреатит өте ауыр түрде өтуі мүмкін. Ауыр түрде өтетін жедел панкреатитте өлім көрсеткіші 5-10% құрап, қосалқы асқынулар дамыған жағдайда бұл көрсеткіш 35% дейін өсуі ықтимал [4,5].

Жедел панкреатит ұйқы безінің жедел қабынуымен бірге перипанкреатикалық тіндердің бұзылуымен және бірнеше ағзалардың патологиялық өзгерістерімен сипатталатын сырқат. Панкреатиттің созылмалы түрінде ұйқы безінде персистенциялық қабыну тұрақтанып, нәтижесінде, бездің тінінде қайтымсыз құрылымдық өзгерістер пайда болып, бездің қызметінің тұрақты бұзылуы айқындалады.

Жедел панкреатиттің ағымының ерекшелігін көрсету мақсатында төменде көрсетілген жіктелу жиі қолданылады: сырқаттың ағымын ауыр және жеңіл түрге бөлу. Ауыр түрдегі ағым ұйқы безінің жетіспеушілігімен тіндердің өлеттенуі (некроз), псевдокисталармен фистуланың пайда болуы сияқты жергілікті асқынулармен сипатталады.

Жедел панкреатит дамуының алғашқы сатыларында ұйқы безінің паренхимасында интерстициалді ісіну орын алып, перипанкреатикалық май тіндері некрозға ұшырауы мүмкін. Клиникалық көріністердің өршуі, патоморфологиялық бұзылыстар ескеріліп, аталған жағдай некротикалық панкреатит деп аталады [6,7,8].

Жедел панкреатит дамуының негізі панкреатикалық ферменттердің белсенділігі болып қаралғанымен өзгерістің себебі толық анықталмаған. Белсендірілген

трипсин өз кезегінде басқа да ферменттердің, оның ішінде калликреин, фосфолипаза А₂, эластазаның белсендігін арттырады. Жалпы белсенуге ұшыраған ферменттер панкреатикалық тіннің "өзін-өзі қорытуына" және төменде аталған жүйелі жағымсыз әсерлердің дамуына алып келеді: вазодилатация, капиллярлы өткізгіштіктің жоғарылауы, диссеминацияланған тамыр ішілік ұю. Ауыр жағдайларда қантамырлық коллапс, бүйрек және тыныс алу жетіспеушілігі дамуы ықтимал.

Жедел панкреатиттің дамуы 80% жағдайда жалпы өт түтігінде тастардың болуымен жиі ішімдік қабылдауына байланысты болады. Ауруға сондай-ақ кейбір дәрі-дәрмекті (азатиоприн, 6-меркаптопурин, аспарагиназа, пентамидин, диданозин) қабылдау, жарақаттар, ауқымды хирургиялық ота жасау, асқазанның немесе ұлтабардың жарасының пенетрациясы, ісіктер, ишемия, жүктілік, созылмалы улану, инфекциялар мен паразиттік инвазиялар ықпал етуі мүмкін. Жедел панкреатиттің себебі анықталмаған жағдайда идиопатиялық панкреатит деген диагноз қойылуы мүмкін. Біз жүргізген проспективті зерттеулерде, науқастарға эндоскопиялық ретроградты холецистопанкреатография (ЭРХПГ) жасау барысында идиопатиялық панкреатиттің даму себебі болып 2/3 жағдайда өт тастары мен өттің тығыз тығындары екендігі анықталды. Аталған жағдайда науқастарға эндоскопиялық сфинктеротомия немесе холецистэктомия жасалуы оң әсер беруі мүмкін [9,10,11].

Жедел панкреатитке тән белгі - сағат сайын күшейе түсіп, тәулік бойы тұрақты болып қала беретін эпигастрий аймағындағы белдеме тәрізді ауырсыну. Ауырсыну, әдетте, бір жерде тұрақталмай арқасымен жатқан науқастарда күшейіп, 50% жағдайда арқасына, ыйық аймағына берілуі мүмкін. Эпигастрий аймағында қатты ауырсыну болғанымен ішастары тітіркену бегісі теріс мәнді болуы ықтимал. Жедел панкреатит кезінде науқастардың көпшілігінде дене қызуы (37,7 - 37,8 °С) субфибрилді, жүрек айнуы мен құсу болады. Тоқтаусыз құсу және "үшінші кеңістікке" сұйықтықтың жаппай секвестрленуі айналымдағы қан мөлшерінің азаюына алып келуі мүмкін. Жедел панкреатит кезінде жиі айқындалады белгі - іштің кебуі. Кейбір науқастарда (жеңіл ағымдағы панкреатитті есепке алмағанда) есірткі анальгезиясын жасау барысында күшейе түсетін илеус анықталуы мүмкін. Ретроперитонеалді қан құйылу белгілері, әсіресе кіндік айналасында (Куллен симптомы) және тері асты іштің қапталдарында (Грей Тернер симптомы) қан құйылулардың пайда болуы – сирек кездесетін құбылыс. Сондай-ақ, науқастарда респираторлық асқынулар, оның ішінде ересектердің респираторлық дистресс-синдромы дамып, науқастардың өкпесіне жасанды желдету жүргізудің қажеттілігі туындайды. Жиі гипокальциемия дамуы ықтимал.

Жедел панкреатитті анықтау барысында зертханалық жағдайда науқастың қан құрамындағы амилазаны анықтау тиімді тест болып саналады. Бірақ, аталған серологиялық тестің нәтижесі тұрақты өзгерістеді көрсетпеуі мүмкін, себебі, амилаза - шағын молекула ретінде тез арада несепке өтіп, жедел панкреатит кезінде қан құрамындағы амилазаның жоғарылауы қысқа мерзімді болуы мүмкін. Қан құрамындағы сарысулық липазаны анықтау міндетті сынама деп қаралуы тиіс, себебі «өткір іш бүрмесі» кезінде 90-95% жағдайда амилаза мен липазаны бір мезгілде анықтау жедел панкреатитті негіздейтін көрсеткіштер.

Сонымен қатар кәзірге кезде үш минуттық трипсиноген-2 анықтауға бағытталған экспресс-тест перспективалық скринингтік зерттеу болып саналуда.

Жедел панкреатитті емдеу барысында дамудың негізгі себептері - өт тастары мен алкоголь арасындағы айырым диагностика жасау маңызды мәселе болып қаралады. Панкреатитпен ауыратын науқастардаға метеоризм салдарынан визуализацияның қиын болуына байланысты УДЗ сирек қолданылады. Билиарлы панкреатитті алкогольдік панкреатиттен айыру мақсатында биохимиялық көрсеткіштермен (АлАТ және билирубин) трансабдоминалды УДЗ (диагностикалық дәлдігі 98%) біріктіріп қарастырған ықтимал. Ауыр панкреатит пен асқынулар дамыған науқастарға өзгерістерді негіздеу мақсатында контрасты заттар қолдану арқылы компьютерлік томография жасаған тиімді тәсіл.

Ауыр ағымдағы жедел панкреатит дамыған науқастарды интенсивті терапия бөліміне жатқызу қажет. Сырқаттың ауырлығын бағалау үшін кең тараған және ыңғайлы Ренсон критерийлерін пайдаланған жөн, АРАСНЕ II шкаласымен бағалану қолайсыз болып табылады. Жедел панкреатит кезінде аштық, көктамыршілік регидратация, жиі парентеральді ауырсыну көрсетілген. Илеусы бар емделушілерге ішек шуылын қалпына келтіргенге дейін аш болу керек. Қарқынды көктамыршілік регидратация преренальді азотемияның алдын алу үшін қажет. Ауырсынуды басу үшін жиі есірткі қажет, олардың ішінен петидинге артықшылық беріледі. Жалпы өт ағынының тастарын анықтау және экстракциялау үшін ЭРХПГ жедел түрде үдемелі сарғаю немесе холангит кезінде ғана көрсетілген.

Науқасты емханадан шығару кезінде майлы тамақ тұтынуды, алкогольді қабылдаудан бас тартуға кеңес беріледі. Емделіп шыққаннан кейін кеш асқынулар мен панкреатиттің созылмалы түріне айналуын алдын-алу мақсатында науқас дәрігердің бақылауына болуы тиіс. Науқастың эпигастрий аймағында ауырсыну пайда болып, тәбеттің нашарлауы және дене салмағының азаюы сырқаттың созылмалы түрге айналуының көрсеткіші.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Mergener K, Baillie J. Acute pancreatitis. BMJ 1998; 316:44-68.
2. Полушин Ю.С., «Острый послеоперационный панкреатит», М., 2003г. С.11-23.
3. Синенченко Г.И., Толстой А.Д. «Гнойно – некротический панкреатит». ЭЛБИ. С. – Петербург, 2005 г. С.28-87.
4. Костюченко А.Л., Филин В.И. «Неотложная панкреатология». ДЕАН, С-П, 2000 г.С.11-13.
5. Толстой А.Д., Андреев М.И. «Лечение перипанкреатического инфильтрата при остром деструктивном панкреатите». С. – Петербург, 2001 г. С. 35-37.
6. Прудков М.И. «Миниинвазивная хирургия некротизирующего панкреатита». Урал. Ун – т., 2006 г. С. 78-79.
7. Толстой А.Д., Панов В.П. «Парапанкреатит: этиология, патогенез, диагностика, лечение». С. – Петербург. Ясный свет, 2009 г. С. 56-58.
8. «Острый панкреатит и травмы поджелудочной железы». Руководство. С.- П., 2010 г.
9. Седов В.М., Яицкий Н.А. «Острый панкреатит». Мед. Пресс. Инфо. 2012г. С.45-46.
10. Хирургические болезни: Учебник/Под.ред.Таричко Ю.В. - М.ЮОО «МИА», 2015. 35 экз.
11. Хирургические болезни: Учебник/ Под.ред. Черноусова А.В.-М.: ГЭОТАРМЕДИА, 2018 - 62 экз.

Байланыстағы автор: Жанадилов Ш. - Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент медицина институты, +77018272180



ӘОЖ: 616-092.9

ИЛЬДЕРБАЕВ О.З.¹, ҮРНЕШ Н.Ө.¹, ЖАРМАХАНОВА Г.М.², ИЛЬДЕРБАЕВА Г.О.³

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан

²Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе

³Семей медицина университеті, Семей

ТӘЖІРИБЕ ЖҮЗІНДЕ ЗИЯНДЫ ФАКТОРЛАРДЫҢ ҚОСАРЛЫ ӘСЕРІНДЕГІ ЛАТ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ӨЗГЕРІСІ

Результаты и обсуждение. По спирометрической (функциональной) классификации ХОБЛ больные распределились следующим образом: GOLD I, легкая ($ОФВ1 \geq 80\%$ от должного) у 15%; GOLD II, среднетяжелая ($50\% \leq ОФВ1 < 80\%$ от должного) у 60%; GOLD III, тяжелая ($30\% \leq ОФВ1 < 50\%$ от должного) у 25%; GOLD IV, крайне тяжелая ($ОФВ1 < 30\%$ от должного) – не встречалась. В качестве основной клинической

классификации применялась комплексная оценка ХОБЛ по группам (ABCD), которая учитывает не только степень тяжести бронхиальной обструкции по результатам спирометрического исследования, но и клинические данные о пациенте: количество обострений ХОБЛ за год, выраженность клинических симптомов по шкале mMRC и тесту САТ. Пациенты, включенные в исследование были распределены следующим образом: группа А – 3 (15%), группа В – 4 (20%), группа С – 1 (5%) группа Д – 12 (60%) (рис. 1).




Рисунок 1. Распределение больных ХОБЛ по классификации GOLD 2018 г.

Среднее число обострений было $2,1 \pm 0,26$, 1 обострение было у 8 (40%) больных, 2 и более обострений – у 12 (60%). Госпитализации в течение последнего года были у 9 (45%) опрошенных. Проанализированы ответы на вопросники САТ и mMRC. Среднее значение суммы баллов по шкале САТ было $18,8 \pm 1,9$ (интервал от 6 до 33). У 4 больных количество баллов по шкале САТ было менее 10 (20%), тогда как у 16 пациентов – 10 и более (80%). Средний балл по шкале mMRC был $1,6 \pm 0,31$ (от 0 до 4). Балл вопросника mMRC был равен 0-1 у 10 (50%) больных, тогда как у остальных 2 балла и более (50%). При оценке балльного показателя САТ, отражающего степень влияния ХОБЛ на качество жизни, были получены следующие результаты: незначительное влияние (0-10 баллов САТ) отмечено у 4 (20%) пациентов, умеренное (11-20 баллов САТ) наблюдалось у 9 (45%), сильное (21-30 баллов САТ) было у 5 (25%), чрезвычайно сильное (31-40 баллов САТ) у 2 (10%) пациентов (рис. 2).




Рисунок 2. Распределение пациентов по САТ-тесту, указывающего насколько ХОБЛ влияет на качество жизни.

По мере нарастания степени тяжести, отмечено возрастание количества баллов САТ. Так, у больных ХОБЛ легкой степени САТ был $14,3 \pm 5,0$ баллов, средней степени тяжести $17 \pm 2,3$ баллов, тяжелой степени $25,8 \pm 2,5$ баллов. У 7 пациентов (35%) выявлено несоответствие качества жизни по САТ и степени тяжести ХОБЛ.

При анализе клинических симптомов по САТ-тесту у всех больных выявлены все жалобы, включенные в опросник, но они отличались по выраженности симптомов по шкале ответов от 0 до 5 баллов. Выраженность таких жалоб, как кашель и наличие мокроты наблюдалось у 17 пациентов (85%) в оценочном промежутке от 2 до 4 баллов. Стеснение в грудной клетке отметили 11 пациентов (55%), в диапазоне от 2 до 3 баллов. Одышка при подъеме по лестнице наблюдалась у 16 человек (80%) в оценочном промежутке от 3 до 5 баллов. Ответы в диапазоне от 0 до 2 баллов (от полного отсутствия до несильных симптомов) отмечены на вопросы об активности дома, уверенности при покидании дома, сон и энергичность/утомляемость (рис. 3)




Рисунок 3. Оценка клинических симптомов по САТ-тесту

Выводы:

1. При исследовании функции внешнего дыхания по данным спирографии чаще встречалось среднетяжелое течение ХОБЛ;
2. При распределении пациентов по группам ABCD большинство входили в группу Д;
3. Анализ оценочного теста САТ, отражающего степень влияния ХОБЛ на качество жизни пациентов выявил незначительное влияние у 20%, умеренное у 45%, сильное у 25%, чрезвычайно сильное у 10% пациентов;
4. Оценка клинических симптомов САТ-теста показала, что большее влияние на качество жизни пациента оказывают такие симптомы как кашель, наличие мокроты, одышка и стеснение в грудной клетке, в меньшей степени, такие симптомы как активность дома, уверенность при покидании дома, качества сна, энергичность/утомляемость.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Hillas G, Perlikos F, Tsiligianni I, Tzanakis N. Managing comorbidities in COPD. *Int J Chron Obstruct Pulmon Dis* 2015; 10: 95–109. DOI: 10.2147/COPD.S54473
2. Global Initiative for Chronic Obstructive Lung Disease. Global Strategy for the diagnosis, management, and prevention of chronic obstructive pulmonary disease. GOLD 2018.
3. Кочетова Е.В. САТ-тест у больных хронической обструктивной болезнью легких// Туберкулез и болезни лёгких, Том 95, № 12, 2017, с 18-20

4. Новиков А.А., Ионова Т.И. Руководство по исследованию качества жизни в медицине. СПб., 2002.
5. Качество жизни у больных с бронхиальной астмой и хронической обструктивной болезнью легких /Под ред. А.Г. Чучалина. М., 2004.
6. Jones P.W. //Thorax. 2001. V. 56. P. 880.].
7. Белевский А. С. Новый тест для оценки течения ХОБЛ: САТ тест //Атмосфера. Пульмонология и аллергология. – 2010. – № 1. – С. 37-39.
8. Jones P. W., Harding G., Berry P., Wiklund I., Chen W.-H., Kline Leidy N. Development and first validation of the COPD Assessment Test // Eur. Resp.J. – 2009. – Vol. 34, № 3. – P. 648-654.

Автор для корреспонденции: Казак Инна Константиновна, ассистент кафедры семейной медицины №1, НАО «Медицинский университет Астана», г.Нур-Султан, телефон: +77014057890, e-mail: innakazak@rambler.ru



УДК: 616.25-002.3

КОЛОС А.И., АМАНГАЛИЕВ А.А., НАБИЕВ Д.Е.

НАО «Медицинский университет Астана», АО «Национальный научный медицинский центр», г.Нур-Султан

ОСОБЕННОСТИ КЛИНИЧЕСКОГО ТЕЧЕНИЯ ЭМПИЕМЫ ПЛЕВРЫ

Аннотация:

Эмпиема плевры одна из наиболее тяжелых гнойных патологий. Занимает ведущее место по показателям летальности в торакальной хирургии за счет тяжести клинического течения. Медицинские карты пациентов с эмпиемой плевры за период 1 января 2019 года по 31 декабря 2019 года. Количество пациентов с эмпиемой плевры составило 16 человек. Количество пациентов с неблагоприятным течением составило 7 человек, что составляет 43,2% от общего числа случаев эмпиемы плевры. Выделяются 3 пациентов имевшие отягощение туберкулезом легких. Показатели спирометрического исследования за 7 дней до госпитализации: VC = 53 и FEV = 53,3 среднем что значительно отличается от группы контроля, где VC = 72 и FEV = 76,6. Проведенный корреляционный анализ показал следующие результаты: Выявлена прямая сильная связь $r=0,771$ неблагоприятного течения эмпиемы плевры и лейкоцитоза. Выявлена прямая сильная связь $r=0,746$ неблагоприятного течения эмпиемы плевры и значения FEV при спирометрии. Выявлена прямая сильная связь $r=0,746$ неблагоприятного течения эмпиемы плевры и значения VC при спирометрии. На основании проведенного корреляционного анализа выявлены: Уровень лейкоцитоза более $9,6 \times 10^9/\text{л}$ имеет прямую сильную связь с развитием неблагоприятного течения эмпиемы плевры по данным. Уровень значения FEV менее или равно $53 \pm 5,2$ имеет прямую сильную связь и VC менее или равно $53,3 \pm 5,6$ имеет прямую сильную связь с развитием неблагоприятного течения эмпиемы плевры по данным.

Ключевые слова: Эмпиема плевры, Предикторы.

КОЛОС А.И., АМАНГАЛИЕВ А.А., НАБИЕВ Д.Е.

ПЛЕВРА ЭМПИЕМАСЫНЫҢ КЛИНИКАЛЫҚ АҒЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Плевра эмпиемасы ең ауыр іріңді патологиялардың бірі. Клиникалық ағымының ауырлығы есебінен торакальды хирургиядағы өлім көрсеткіштері бойынша жетекші орын алады. 2019 жылғы плевра эмпиемасы бар пациенттердің медициналық карталары. Плевра

эмпиемасы бар емделушілер саны 16 адамды құрады. Қолайсыз ағысы бар пациенттер саны 7 адамды құрады, бұл плевра эмпиемасы жағдайларының жалпы санының 43,2% құрайды. Өкпе туберкулезі ауырлаған 3 пациент бөлінеді. Емдеуге жатқызудан 7 күн бұрын спирометриялық зерттеу көрсеткіштері: VC = 53 және FEV = 53,3 орташа, бұл бақылау тобынан айтарлықтай ерекшеленеді, мұнда VC = 72 және FEV = 76,6. Жүргізілген корреляциялық талдау мынадай нәтижелерді көрсетті: - плевра эмпиемасының және лейкоцитоздың жағымсыз ағымының $p=0,771$ тікелей күшті байланысы анықталды. - Плевра эмпиемасының жағымсыз ағымының $p=0,746$ тікелей күшті байланысы және спирометрия кезіндегі FEV мәні анықталды. - Плевра эмпиемасының жағымсыз ағымының $p=0,746$ тікелей күшті байланысы және спирометрия кезіндегі VC мәні анықталды. Жүргізілген корреляциялық талдау негізінде мыналар анықталды: лейкоцитоз деңгейі $9,6 \times 10^9/л$ -ден астам деректер бойынша плевра эмпиемасының қолайсыз ағымының дамуымен тікелей күшті байланысы бар. FEV мәнінің деңгейі $53 \pm 5,2$ -ден кем немесе тең тікелей күшті байланысы бар және VC $53,3 \pm 5,6$ -ден кем немесе тең, деректер бойынша плевра эмпиемасының қолайсыз ағымының дамуымен тікелей күшті байланысы бар.

Кілтті сөздер: плевра эмпиемасы, предикторлар.

KOLOS A.I., AMANGALIYEV A.A., NABIYEV D.E.

FEATURES OF THE CLINICAL COURSE OF PLEURAL EMPYEMA

Pleural empyema is one of the most severe purulent pathologies. It occupies a leading position in terms of mortality in thoracic surgery due to the severity of the clinical course. The aim of our study is to improve the ability to predict adverse course for a positive effect on the outcome of pleural empyema. Materials and methods were medical records of patients with pleural empyema for 2019. The number of patients with pleural empyema was 16 people. The number of patients with an unfavorable course was 7 people, which is 43.2% of the total number of cases of pleural empyema. The conducted correlation analysis showed the following results (Figure 1): - A direct strong relationship was revealed $p=0.771$ unfavorable course of pleural empyema and leukocytosis. - A direct strong relationship was revealed $p=0.746$ unfavorable course of pleural empyema and FEV values during spirometry. - A direct strong relationship was revealed $p=0.746$ of the unfavorable course of pleural empyema and VC values during spirometry. - A direct average relationship $p=0.370$ of the unfavorable course of pleural empyema and thrombocytosis was revealed. Based on the correlation analysis revealed: The level of leukocytosis of more than $9.6 \times 10^9 / l$ has a direct strong relationship with the development of an unfavorable course of pleural empyema according to the data. A level of FEV value of less than or equal to 53 ± 5.2 has a direct strong relationship with the development of an unfavorable course of pleural empyema according to the data. The level of VC value less than or equal to 53.3 ± 5.6 has a direct strong relationship with the development of an unfavorable course of pleural empyema according to the data.

Keywords: empyema of pleura, predictors.

Актуальность: Эмпиема плевры одна из наиболее тяжелых гнойных патологий. Занимает ведущее место по показателям летальности в торакальной хирургии за счет тяжести клинического течения. По сей день несмотря на значительные достижения в вопросах оказания неотложной помощи и хирургического ведения пациентов с эмпиемой плевры, не наблюдается выраженной положительной тенденции к уменьшению числа случаев возникновения данного осложнения [1]. Зачастую большинство острых форм перетекают в хронический вариант течения. Нозологическая форма эмпиема плевры является осложнением пневмонии различных форм, травм груди и оперативного вмешательства на грудной клетке. По данным ряда авторов почти у 90 % больных эмпиема плевры возникает в результате осложнений гнойно-воспалительного процесса в легких (на фоне острой пневмонии 4 %, абсцесса легкого – 9–11 %, при гангрене легкого – 80–95 %) [1]. Как следствие ранений и травм органов грудной клетки – 6–12 %, основной причиной при этом

является неликвидированный посттравматический плеврит и гемоторакс [2]. Послеоперационные эмпиемы плевры составляют в структуре причины от 2 до 28 %, наиболее часто возникают после пневмонэктомии [3]. Стоит отметить, что, исход во многом зависит от диагностических возможностей эмпиемы плевры, ее своевременности и специфичности [4,5]. Неблагоприятное течение носит в себе совокупное понятие развития осложнений различного генеза, которые в разной степени приводит к тем или иным клиническим проявлениям, которые осложняют течение патологического процесса и в том числе приводит к более длительной реабилитации. Ключевым аспектом в клиническом течении и благоприятности исхода являются возможности прогнозирования течения данного заболевания. Так исследования направленные на прогнозирование неблагоприятного течения и исхода актуальны и требуют дальнейшего изучения.

Цель исследования: Совершенствовать возможности прогнозирования неблагоприятного течения эмпиемы плевры.

Материалы и методы: Литературные источники по вопросам прогнозирования и диагностики эмпиемы плевры. Литературные источники за период до 10 лет, с использованием платформ PubMed, Cochrane library, eLibrary. Использован 21 литературный источник.

Медицинские карты пациентов с эмпиемой плевры за период 1 января 2019 года по 31 декабря 2019 года. Количество пациентов с эмпиемой плевры составило 16 человек. Средний возраст составил $42,68 \pm 13,5$ года. Из них 9 (56,8%) мужчины и 7 (43,2%) женщины. Средний срок госпитализации всех пациентов составил $11 \pm 2,7$ дней. Индекс массы тела составил в среднем 22,3. Количество пациентов с неблагоприятным течением составило 7 человек, что составляет 43,2% от общего числа случаев эмпиемы плевры. Из них мужчин 5 человек, что равно 72%, 2 женщин, что составляет 28% числа пациентов с неблагоприятным течением. Средний возраст 7 пациентов с неблагоприятным течением составил 41,8 лет.

Количество пациентов с плевропневмонией в анамнезе составило 10 человек, что составляет 63% от всех пациентов с эмпиемой плевры. 3 пациента поступили с эмпиемой плевры после торакотомии, что равно 19%. В тоже время также 3 пациента имеют эмпиему плевры постпневмонектомическую, что равно также 19% от общего числа пациентов. Рецидивирующее течение наблюдалось у 6 пациентов (38%). В то время как хроническая форма эмпиемы плевры отмечено у 14 пациентов (87,5%), а острая форма эмпиемы плевры лишь у 2 пациентов (12,6%).

Наблюдения отмечают, что 13 (81,5%) пациентов имело отягощение случая в виде свища. Свищи носили различный характер, так бронхо-плевральный свищ обнаружен у 7 пациентов (43,2%), плевро-торакальный свищ выявлен у 3 пациентов, что равно 19%, торакальный свищ также в 3 случаях (19%).

Относительно локализации эмпиемы выделяют расположение правостороннее и левостороннее. Так количество пациентов с правосторонним расположением эмпиемы составило 7 (43,2%) случаев, а левостороннее соответственно 9 (56,5%) случаев.

Лабораторно отмечается из анализов крови за 7 суток до госпитализации средний уровень гемоглобина в крови составил 123,6 г/л. Средний уровень эритроцитов $4,16 \times 10^{12}/л$. Средний уровень тромбоцитов $300,06 \times 10^9/л$. Средний уровень лейкоцитов $7,8 \times 10^9/л$. Преобладание 1 группы крови положительного резус-фактора (8 человек, 50% случаев), в то время как 4 группа крови была у 3 пациентов (19%), 2 группа крови была у 4 пациентов, и лишь у 1 пациента 3 группа крови. Показатели МНО составил 1,12. Показатели фибриногена составили 5,52.

Выделяются 5 пациентов имевшие отягощение туберкулезом легких. 5 пациентов имели другие сопутствующие заболевания. Показатели спирометрического исследования за 7 дней до госпитализации: VC = 64,1 и FEV = 66,4 средним от общего числа пациентов с эмпиемой плевры.

Корреляционный анализ по методу Пирсона. При обработке данных применялись программы прикладной статистики IBM SPSS Statistics 22 и Deductor Studio.

Результаты и обсуждения: Данные пациентов с неблагоприятным течением. Количество пациентов с плевропневмонией в анамнезе у пациентов с неблагоприятным течением составило 5 человек, что составляет 71,5%. 1 пациент поступил с эмпиемой плевры после торакотомии, что равно 15%. В тоже время также 1 пациента имеют эмпиему плевры постпневмоэктомическую, что равно также 15%. Рецидивирующее течение наблюдалось у 2 пациентов (29%). В то время как хроническая форма эмпиемы плевры отмечено у 5 пациентов (71,5%), а острая форма эмпиемы плевры лишь у 2 пациентов (29%). Наблюдения отмечают, что 5 (71,5%) пациентов имело отягощение случая в виде свища. Свищи носили различный характер, так бронхо-плевральный свищ обнаружен у 3 пациентов, плевроторакальный свищ выявлен у 1 пациентов, что равно 15%, торакальный свищ также в 1 случаях. Относительно локализации эмпиемы выделяют расположение правостороннее и левостороннее. Так количество пациентов с правосторонним расположением эмпиемы составило 3 случаев, а левостороннее соответственно 4 случаев. Лабораторно отмечается из анализов крови за 7 суток до госпитализации средний уровень гемоглобина в крови составило 114 г/л. Средний уровень эритроцитов $3,9 \times 10^{12}/л$. Средний уровень тромбоцитов $347 \times 10^9/л$. Средний уровень лейкоцитов $9,6 \times 10^9/л$. Выделяются 3 пациентов имевшие отягощение туберкулезом легких. Показатели спирометрического исследования за 7 дней до госпитализации: VC = 53 и FEV = 53,3 среднем что значительно отличается от группы контроля где VC = 72 и FEV = 76,6.

Проведенный корреляционный анализ показал следующие результаты (рисунок 1):

-Выявлена прямая сильная связь $r=0,771$ неблагоприятного течения эмпиемы плевры и лейкоцитоза.

-Выявлена прямая сильная связь $r=0,746$ неблагоприятного течения эмпиемы плевры и значения FEV при спирометрии.

-Выявлена прямая сильная связь $r=0,746$ неблагоприятного течения эмпиемы плевры и значения VC при спирометрии.

-Выявлена прямая средняя связь $r=0,370$ неблагоприятного течения эмпиемы плевры и тромбоцитоза.

-Выявлена прямая слабая связь $r=0,221$ неблагоприятного течения эмпиемы плевры и туберкулеза легких.

-Выявлена прямая слабая связь $r=0,065$ неблагоприятного течения эмпиемы плевры и повышения фибриногена.

-Выявлена прямая слабая связь $r=0,043$ неблагоприятного течения эмпиемы плевры и повышения МНО.

В рисунке 1 описан корреляционный анализ проведенный по методу Пирсона. Который позволяет определить наличие или отсутствие линейной связи между двумя количественными показателями, а также оценить ее тесноту и статистическую значимость. При котором каждому определенному значению одного признака соответствует несколько значений другого взаимосвязанного с ним признака.

В данном случае нами к расчету корреляционной связи представлены различные факторы. Который включен в рамки входящего значения. Предполагалась определение связи данного показателя с неблагоприятным течением эмпиемы плевры. Последний был задан как «adverse course», в рамках выходного значения. Для более достоверного результата использовалась современная программа Deductor Studio позволяющая провести несколько повторных расчетов позволяющих подытожить полученные показатели как достоверные.

Выводы: На основании проведенного корреляционного анализа выявлены:

- Уровень лейкоцитоза более $9,6 \times 10^9/л$ имеет прямую сильную связь с развитием неблагоприятного течения эмпиемы плевры по данным.

- Уровень значения FEV менее или равно $53 \pm 5,2$ имеет прямую сильную связь с развитием неблагоприятного течения эмпиемы плевры по данным.

Входные поля		Корреляция с выходными полями
№	Поле	Adverse course
1	PlevropnevmoniyaVanamn	0,163
2	TorakotomiyaVanamn	-0,101
3	Postpnevmoektomicheskaya	-0,101
4	Age	-0,122
5	Rezediv	-0,163
6	Acute	0,429
7	Chronic	-0,429
8	SvishBronhoPlevralnui	-0,016
9	SvishPlevroTorakalnui	-0,101
10	SvishTorakalnui	-0,101
11	RightOrLeft	-0,016
12	Blood type	-0,613
13	Hb	-0,397
14	RBC	-0,238
15	PLT	0,370
16	WBC	0,771
17	MNO	0,043
18	Fibrinogen	0,065
19	IMT	-0,599
20	SpecProcess	0,221
21	SoputZabol	-0,323
22	VC	0,746
23	FEV	0,746

Рисунок 1 – Показатели корреляционного анализа по методу Пирсона

• Уровень значения VC менее или равно $53,3 \pm 5,6$ имеет прямую сильную связь с развитием неблагоприятного течения эмпиемы плевры по данным.

Данные показатели можно расценивать как предикторы неблагоприятного течения эмпиемы плевры. Детальная патофизиологическая связь между ними и неблагоприятным течением эмпиемы плевры, нуждается в дальнейшей оценке. Исследования по данному вопросу имеют высокую ценность для прогнозирования неблагоприятного течения эмпиемы плевры.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Цеймах Е.А., Левин А.В., Зимонин П.Е., Самуйленков А.М. Частота возникновения, эмпиемы плевры пункционная терапия, закрытое дренирование плевральной полости. Часть I // Туберкулез и болезни легких. – 2009. – № 8. – С. 3–9.
2. Simmers T.A., Jie C., Sie B. Paraneumonic effusions // Thorac. Cardiovasc. Surg. – 2009. – vol. 47, № 2. – P. 77–81.
3. Okuda, M., Go, T., & Yokomise, H. Risk factor of bronchopleural fistula after general thoracic surgery: review article. General Thoracic and Cardiovascular Surgery. 2017; 65(12): 679–685. doi:10.1007/s11748-017-0846-1.
4. Lesser T. Residual Pleural Space after Lung Resection. Zentralbl. Chir. 2019; 27. doi: 10.1055/a-0896-8748.
5. Egyud M., Suzuki K. Post-resection complications: abscesses, empyemas, bronchopleural fistulas. J. Thorac. Dis. 2018; 10 (28): 3408-3418. doi: 10.21037/jtd.2018.08.48.

Автор для корреспонденции: Набиев Дастан Ергалиевич, ассистент кафедры СМП, анестезиологии и интенсивной терапии НАО «МУА», 87018479536, dastan.nabiev@mail.ru



УДК: 616.314 – 002.314.13

КОПБАЕВА М.Т., МАНАП А.Е.

НАО “Казакский Национальный Медицинский Университет имени С.Д. Асфендиярова”

ТІСЖЕГІЛІК ЕМЕС АҚАУЛАР ДАМУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ҚАУІП ФАКТОРЛАРЫ

Түйін:

Тісжегілік емес ақау мәселесін зерттеген ғалымдардың назарын, заманауи өмір жағдайында адамдардың өмір салтының өзгеруіне байланысты, тісжегілік емес процесстердің жиілігі керісінше артуы алаңдатады. Адамзаттың тамақтану әдетінің өзгеруі, оның ішінде газдалған, энергетикалық сусындарды тұтынудың артуы тіс қатты тіндері құрылымының әлсіреуіне әкеледі. Бұл жайтты, тіс қатты тіндерінің толыққанды дамуына сөзсіз әсер ететін экологияның нашарлауы мен адамдардың минерал мен витаминдерге бай тағамдарды тұтыну деңгейінің төмендеуі, ушықтырады. Жоғарыда айтылып өткен факторлардың бірлескен әсерінің нәтижесінде, тіс жарып шыққаннан кейін дамитын тісжегілік емес ақаулардың жиілеу тенденциясы байқалады.

Кілт сөздер: тіс кіреукесінің эрозиясы, компьютерлік некроз, сынатәрізді ақау, газдалған сусын, тісжегілік емес ақау.

КОПБАЕВА М.Т., МАНАП А.Е.

НАО“Казакский Национальный Медицинский Университет имени С.Д. Асфендиярова”

СОВРЕМЕННЫЕ ФАКТОРЫ РИСКА ВОЗНИКНОВЕНИЯ НЕКАРИОЗНЫХ ПОРАЖЕНИЙ

Высокая распространенность некариозных поражений твердых тканей зубов, не снижающаяся тенденция данных заболеваний обуславливают актуальность данной проблемы. Должное внимание исследователями уделяется изучению вопросов этиологии и патогенеза некариозных поражений зубов, а также их профилактике. В настоящей работе проведен детальный анализ современных данных по изучаемой проблеме.

Ключевые слова: эрозия эмали, компьютерный некроз, клиновидный дефект, некариозные поражения.

КОРБАЕВА М.Т., МАНАР А.Е.

NJSC “Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov ”

MODERN RISK FACTORS OF NONCARIOUS DISEASES

Since the advent of dentistry as a separate science of medicine, in connection with the increased prevalence of non-cariou lesions, scientists began to study the etiology of non-cariou lesions, as well as methods for their prevention. In the process of in-depth study of the problem, new theories of the etiology of this pathology were developed. In this work, a detailed analysis of the data of modern scientific works was carried out.

Key words: enamel erosion, computer necrosis, abfraction, non-cariou lesions.

Стоматология саласының пайда болған күнінен бастап ғалымдарды, тісжегілік емес ақаулардың таралу деңгейінің жоғары болуына орай, олардың пайда болу себептері, сонымен қатар оның алдын алу жолдары алаңдатып келеді. Мәселені тереңірек зерттеп, жаңа теорияларды ұсыну және оларды дәлелдеу барысында, көптеген заманауи жаңа ғылыми жұмыстар жариялануда. Осы жұмыста аталған ғылыми жарияламалардың сараптамасы жүргізіледі.

Өзектілігі: Заманауи стоматологияның өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын тісжегілік емес ақаулар тіс қатты тіндерінің бұзылысына, шайнау қызметінің нашарлауына және БЖА эстетикалық кемшіліктеріне әкелетін тісжегілік зақымданудан кейінгі жиі кездесетін патологиялар кешені болып табылады.

«Тіс қатты тіндерінің тісжегілік емес ақаулары» атты термині құрамына толық зерттелмеген, яғни уақытылы анықталып және нәтижелі емделуі қиындық туғызатын, клиникалық көрінісі мен этиологиясы әр түрлі патологияларды жинақтайды. Заманауи жағдайда тісжегілік емес бұзылыстардың жетілдірілген жаңа технологияларды қолдана отырып жүргізілетін ем тәсілдерінің енгізілуіне қарамастан, аурудың кездесу жиілігі азаятын емес.

Мақсаты: тіс жарып шыққаннан кейін дамитын тісжегілік емес ақаулардың этиологиясы жайлы әдебиеттік деректерге шолу және сараптау жүргізу.

Зерттеу әдістері: Тісжегілік емес ақауы және оның себептеріне зерттеу жүргізілген соңғы ғылыми жұмыс, мақала, диссертациялармен танысу, сараптау жүргізу. Алынған мәліметтер нәтижесінде тісжегілік емес ақау заманауи этиологиялық факторларын анықтап, қорытынды жасау.

Нәтижелер, талқылау: Тісжегілік емес ақаулардың себебін қарастырудан бұрын терминологияға бір үңіліп шығайық. Шетелдік авторлар тіс жарып шаққаннан кейін дамитын тісжегілік емес ақауларды жалпы “тістің тозуы” термин аясына біріктірген [1]. Тістің тозуы дегеніміз — тісжегілік процесспен байланыссыз тіс қатты тіндерінің жоғалуы. Оның ішінде негізгі төрт түрлі патологияны ажыратады: қажалу (егелу) — «abrasion», аса қажалу — «attrition», абфракция — «abfraction», эрозия — «erosion». Тіс тіндерінің тозу себептерінде сыртқы факторлармен қоса компенсаторлық-қорғаныш механизмдерінің қауқарсыздығы басты рөл атқарады [2].

Тісжегілік емес ақауларға әкелетін факторлар тек стоматология аясымен шектелмей, медицинаның әр түрлі салаларын қамтуы мүмкін. Тісжегілік емес ақаулардың этиологиялық факторлары ішкі және сыртқы деп бөлінеді. Дәрігер Ким Макфарланд, АҚШ- тағы Небраска штатындағы Стоматологиялық колледжінің профессоры, тіс кіреукесінің эрозиясы бар науқастардың саны артқанын ескеріп, оны газдалған тәтті сусындарды тұтынудың жиілеуімен байланыстырған [3]. Сусындар құрамындағы ЭДТА, қант және бояғыштар кіреукеге зиянды әсер етіп, деминерализацияға ұшыратады. Сонымен қатар, сына тәрізді ақау дамуының эрозиялық теориясы бойынша қышқылқұрамды тағамдардың әсері жайлы айтылады. Тіс кіреукесінің деминерализациясы ауыз сұйықтығы рН деңгейінің 5,5 көрсеткішінде орын алады [4], бұл сілекейдің сандық және сапалық құрамының өзгеруі патология дамуына әсер ету мүмкіндігін көрсетеді. Қышқылдық теория логикасына сүйенсек, ауыз қуысының нашар гигиенасы да сына тәрізді ақауға әкелуі мүмкін. Тістің мойындық бөлігінде жиналатын жұмсақ тіс қағы кіреуке деминерализациясын дамытады [5]. Нәтижесінде, кіреуке механикалық күштер әсеріне сезімтал келеді.

Сына тәрізді ақау, яғни абфракцияның дамуы ұзақ бүйір окклюзиялық қысымға байланысты екені зерттелген (J. Grippo, 1991), айтылған феноменді басқалай «кернеу коррозиясы» деп атайды. Бүйір окклюзиялық күштер тіс мойны кіреукесіндегі кернеуді арттырып, кіреуке мен дентиннің кристалдық құрылымындағы химиялық байланыстардың үзілуіне әкеледі [6].

Тісжегілік емес ақаулар этиологиялық теорияларының бірі, сына тәрізді ақаудың себебі ретінде қатты тіс щеткасы мен абразивті сықпалардың механикалық әсерін келтіреді. Бұл теорияны Бауме, Порт және Эйдлер атты авторлар да қолдап, механикалық әсерді эрозияның себебі деп ұсынған. Алайда бұл теориялар гигиенаны коррекциялап, жеке бас гигиена

құралдарын ауыстырғанда да, клиникалық жағдайдың нашарлауының жалғасу себебін түсіндіре алмайды [7].

Д.А. Энтиннің (1938) теориясы бойынша тұқымқуалайтын немесе жүре пайда болған алиментарлық және нейродистрофиялық бұзылыстар тіс қатты тінінің декальцинациясына әкеледі, сәйкесінше тіс кез-келген механикалық әсерге сезімтал бола бастайды [8].

Тісжегілік емес ақаудың даму факторлар тізімінде соматикалық патологиялар да маңызды орын алады. Бұндай патологияларға эндокринді жүйе, жүйке жүйесі және асқорыту жүйесі бұзылыстарын жатқызсақ болады [9]. Пародонттың дистрофиялық процесстерімен қатар жүретін сына тәрізді ақауы бар науқастарда бүйрек, жүрек-қантамыр, жүйке жүйесі және эндокринді патологиялар анықталған. Ресей ғалымдарының соңғы зерттеулері бойынша әйел адамдардағы тісжегілік емес ақаудың патогенезінде жүйелік гормондық-метаболикалық бұзылыстар, нақтырақ айтқанда қандағы эстрадиолдың базальді деңгейінің төмендеуі маңызды екені анықталған. Тісжегілік емес ақауы бар әйелдердер қанында иондалған кальций және магнийдің төмендеуі, сүйек резорбциясы биохимиялық маркерлерінің жоғарылауы және сүйек тінінің минералды тығыздық көрсеткішінің төмендеуі анықталады [10]. Айтылған эндокринді патологиясы бар науқастар остеопороз дамуының қауіп тобына жатады. Сол себепті тісжегілік емес ақаулар (эрозия, сына тәрізді ақау, патологиялық қажалу) остеопения және остеопороз дамуының ерте маркері болып есептеледі. Ю. М. Максимовский өз кезегінде қалқанша бездің гиперфункциясын эрозия этиологиясының теориясы ретінде қарастырған. Бұл зерттеулер деректері бойынша кіреуке эрозия бар науқастарда екі есе жиірек қалқанша бездің дисфункциясы нақтыланған. Сонымен қатар, тісжегілік емес ақаудың психикалық бұзылыстармен, оның ішінде невроз, депрессия және шизофрениямен байланысы жайлы болжам бар. Боровский Е.В., Леус П.А. (1971) сына тәрізді ақаудың дамуын АГЖ бұзылыстарымен байланыстырған. Өт қабы мен өт жолдарының аурулары қызылиек сұйықтығы құрамының өзгеруіне әкеліп, тісжегілік емес ақау дамуына себепкер болады. Сына тәрізді ақау мен кіреуке эрозиясы, сонымен қатар, гастрозофагальді рефлюкс әсерінен туындауы мүмкін (Barlett D.W. және автор., 1996). [11]

Тісжегілік емес ақау этиологиясының жергілікті факторына окклюзия бұзылысы, тіс-жақ аномалиялары, буын және бұлшық ет патологиясы, пломба шайнау бетінің, жасанды сауыт дұрыс қалыптастырылмауы, алмалы-салмалы протездердің дұрыс пішінделмеуі жатады. Тісжегілік емес ақау пайда болуына тіл парафункциясы да үлес қосады. Жақтың тарылуы, дистальді және терең тістем кезінде латеральді күштердің әсер етуі де айтылып отырған патологияның себепкері болуы мүмкін. Сонымен қатар, М. Браем бруксизмнің тіс тіндеріне қолайсыз әсер ететіндігін атап өткен.

Көптеген ғалымдар заманауи пьезоэлектрлік эффект теориясын қолдауда. Атипті окклюзиялық қысымның әсерінен тістің мойын бөлігінде кернеу– пьезоэлектрлік эффект пайда болады. Бұл электростатикалық процесс нәтижесінде кристалды тордан гидроксипатит молекулалары кальций ионын итеріп шығарады. Тісжегілік емес ақаудың заманауи теорияларының бірі ретінде тістің компьютерлік некрозын атап өтсек болады. Иондаушы сәуле молекулалар мен атомдарды иондап, бос радикалдар мен асқын тотығының қосылыстарын қалыптастырады. Бұл өзгерістер жасушалар функциясын, олардағы биохимиялық процесстерді зақымдап, жеке жасушалардың өліміне дейін әкелуі мүмкін [12].

Көп жағдайда тіс жарып шыққаннан кейін дамитын тісжегілік емес ақаулар бір науқаста патологиялар кешені ретінде кездесуі мүмкін. Мысал ретінде келесі клиникалық жағдайларды келтірсек болады;

Т. есімді науқас, 45 жаста. Ауыз қуысындағы көптеген бұзылыстарға шағымданады. Қарап тексеру барысында: эрозия, сына тәрізді ақау, қажалу анықталған. Анамнез жинау барысында науқаста бруксизм бар екені, гигиена кезінде тым күш салып тісін тазалайтындығы және артериялық гипертониясы бар екендігі мәлім болды.

Дәл осындай жағдай Ж. есімді 47 жасар науқаста байқасақ болады. Алайда бұл жағдайда науқас 1.1 тіс ауруына шағымданған. Шағым бойынша 1.1 тіс созылмалы периодонттің өршуі нақтамасы қойылып, қажетті ем жүргізілді. Бізді қызықтыратын ауыз қуысындағы басқа көріністер ретінде: сына тәрізді ақау, тістер сезімталдығы, қажалу

анықталған. Науқастың айтуы бойынша ауыз қуысы гигиенасына соданы ара- тұра қолданып, тісін бар күшін салып ысқылығанды ұнатады екен. Бұл әрекетінің себебі ретінде қызылиек пен тістегі қышу сезімін келтірді. Өмірлік анамнезін жинау барысында созылмалы пиелонефрит және жүрек қантамыр бұзылыстар бары анықталды.

Келтірілген клиникалық жағдайларды сараптау барысында тісжегілік емес ақаулардың жиі бірлесе көрініс беретіні және этиологиялық себептері де үйлесіп келуіне байланысты, патологиялардың көпфакторлы екендігіне көз жеткізе аламыз.

Қорытынды: Тісжегілік емес ақау себептерінің сан түрлілігі, патогенезінің күрделі механизмдерден тұруы, тісжегілік емес ақау емінде индивидуалдылық принциптің сақталуы басты міндет екендігін көрсетеді. Стоматолог-дәрігерлердің соңғы ғылыми жарияламалармен танысып отыру қажеттілігі, тісжегілік емес ақау және басқа да патологиялардың профилактика, ем және реабилитация процесстерін жеңілдетпек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Леус П.А. Некариозные болезни твердых тканей зубов. Учебно-методическое пособие. Минск, БГМУ-2008 год, 56 стр.
2. Чурилов Л.П., Дубова М.А., Каспина А.И., Строев Ю.И., Сурдина Э.Д., Утехин В.И., Чурилова Н.И. «Механизмы развития стоматологических заболеваний». Учебное пособие / под ред. Л.П.Чурилова. — СПб.: «ЭЛБИ-СПб», 2006. — 534 с.
3. Афанасов, Ф.П. О роли фруктовых соков, «быстрых» напитков и средств гигиены полости рта в возникновении клиновидного дефекта, истирания и эрозии твердых тканей зубов / Ф.П. Афанасьев, И.С. Гаража, Я.Н. Гарус.— Ставрополь, 2003.
4. Басиева Э.В., Рамонова О.Э. ВЛИЯНИЕ РАЗЛИЧНЫХ НАПИТКОВ НА СОСТОЯНИЕ ТВЕРДЫХ ТКАНЕЙ ЗУБОВ, ГБОУ ВПО Северо-Осетинская государственная медицинская академия МЗ РФ Кафедра стоматологии №1, г. Владикавказ, С 35-36.
5. Rees JS, Hammadeh M, Jagger DC. «Abfraction lesion formation in maxillary incisors, canines and premolars: A finite element study». -Eur. J.Oral. Sci., 2003, Vol.111, p.149-154
6. Чистякова Г.Г., Петрук А.А. МОРФОЛОГИЯ ТВЕРДЫХ ТКАНЕЙ ЗУБОВ ПРИ КЛИНОВИДНЫХ ДЕФЕКТАХ, Современная стоматология. – 2017. – №4. – С. 41–45.
7. Ямбулатова Г.Х. Клиновидные дефекты твердых тканей зубов. Российский стоматологический журнал. - 2016 - С 221-224.
8. Venkatesan. "Critical review of noncarious cervical lesions". 2019-01-10.
9. Michael, J. A.; Townsend, G. C.; Greenwood, L. F.; Kaidonis, J. A. (2009). "Abfraction: separating fact from fiction". Australian Dental Journal. 54 p.
10. Соловьева-Савоярова Г.Е. Некариозные поражения зубов как маркеры гормонально-метаболических нарушений у женщин - 2008 - С. 117
11. Pace F, Pallotta S, Tonini M, Vakil N, Bianchi Porro G. «Systematic review: gastro-oesophageal reflux disease and dental lesions». — Aliment. Pharmacol. Ther., 27, 2008. — 1179–1186р.
12. Калмуратов А.О. Некариозные поражения. Компьютерный некроз. Лечение и профилактика стоматологических заболеваний. Журнал Национального научного центра хирургии им. А.Н. Сызганова - С. 111.

Автор для корреспонденции: Манап Айгерім Ерікқызы -
Магистрант 1-го года обучения КазНМУ им.С.Д.Асфендияров
+77471016779, manap-aygerim@mail.ru



КОПБАЕВА М.Т., ИСКАЛИЕВА В.Б.

“С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті” КЕАҚ

ОРТОДОНТИЯЛЫҚ ЕМ БАРЫСЫНДАҒЫ НАУҚАСТАРДЫҢ ТІС-ПАРОДОНТ КЕШЕНІНІҢ ЖАҒДАЙЫ

Аталған мақалада ортодонтиялық емдеу нәтижесінде пайда болған пародонт кешенінің жағдайы, соның ішінде қызылиектің созылмалы өсе қабынуының таралуы, пайда болу себептері, кездесу жиілігі баяндалады.

Кілт сөздер: алынбайтын ортодонтиялық техника, тіс-пародонт кешені, қызылиек, қызылиек қабынуы.

КОПБАЕВА М.Т., ИСКАЛИЕВА В.Б.

НАО “Казакский Национальный медицинский университет им.С.Д.Асфендиярова”

СОСТОЯНИЕ ЗУБО-ПАРОДОНТАЛЬНОГО КОМПЛЕКСА У ПАЦИЕНТОВ НА ЭТАПЕ ОРТОДОНТИЧЕСКОГО ЛЕЧЕНИЯ

В данной статье рассматривается состояние зубо-пародонтального комплекса, в том числе распространенность, причины возникновения, частота встречаемости хронического гипертрофического гингивита вследствие ортодонтического лечения.

Ключевые слова: несъемная ортодонтическая техника, зубо-пародонтальный комплекс, десна, гингивит.

КОРБАҒЕВА М.Т., ИСКАЛИҒЕВА В.В.

NJSC «S.D.Asfendiyarov Kazakh National medical university»

STATE OF THE DENTAL-PERIODONTAL COMPLEX IN PATIENTS AT THE STAGE OF ORTHODONTIC TREATMENT

This article discusses the condition of the dental-periodontal complex, including the prevalence, causes, frequency of occurrence of chronic hypertrophic gingivitis due to orthodontic treatment.

Key words: fixed orthodontic equipment, periodontal complex, gum, gingivitis.

Өзектілігі: Ортодонтиялық ем барысында науқастардың пародонт тіндерінде қабыну процесінің жиілігі артады. (20–38%) [1,2]. Ауыз қуысында брекет, доға, сақина, лигатура, кнопка және басұқа да ортодонтиялық конструкциялардың болуы күнделікті гигиеналық шаралардың орындалуын қиындатып, тіс шөгінділерінің жиналуына жақсы жағдай жасап, пародонттағы қабыну процесінің дамуына ықпалын тигізеді. Ортодонтиялық ем әсерінен сілекей реакциясының өзгеруі ауыз қуысында айтарлықтай өзгерістер орын алып, олардың қабыну процесінің дамуына әкеліп соқтыратынын көрсетеді [3]. Тіс-жақ ауытқулары бар науқастарды алынбайтын ортодонтиялық аппараттармен емдеу барысында микроканайналым процестері, ауыз қуысы сұйықтығы, ауыз қуысының гигиеналық жағдайының нашарлауымен қосарланатын пародонт тіндеріндегі деструктивті процестердің пайда болуы сияқты әр түрлі қолайсыз өзгерістер дамиды. Бұл жағдайда емдік-профилактикалық шаралар кешені қажет болады [4].

Мақсаты: алынбайтын ортодонтиялық техникамен ем алып жатқан науқастарда қызылиектің созылмалы қабынуының ерекшеліктерін зерттеп бақылау.

Міндеті: 1) ортодонтиялық ем барысындағы қызылиектің созылмалы өсе қабынуының пайда болу себептерін анықтау;


2) алынбайтын ортодонтиялық техникамен ем алып жатқан науқастар арасында қызылиектің өсе қабынуының кездесу жиілігін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеуге 18 жастан асқан алынбайтын техника көмегімен ортодонтиялық ем алып жатқан барлығы 64 науқас алынып, олар үш топқа бөлінді. 1 топқа – ортодонтиялық емді 1-6 бойы, 2 топқа – 6-12 ай, 3 топқа – 12 ай және одан да ұзақ ем алып жатқан науқастар топтастырылды. Науқастардың стоматологиялық статусының бағасы ДСҰ (2013) ұсынымдары мен қағидаларын қолдана отырып, өзіміз жасаған науқастың жеке картасын қолдану арқылы бағаланды. Ауыз қуысы гигиенасының жағдайы модификацияланған апроксимальды индекс – MAPI (Modified Approximal Plaque Index) (Zimmer, 2005) қолдана отырып бағаланды. Барлық тістер аймағындағы қызылиектің жағдайы 3 индикатордың болуы немесе болмауымен бағаланды: қызылиек қанағыштығы, тіс шөгінділері және қызылиек гипертрофиясының деңгейі.

Қызылиек гипертрофиясының деңгейін (жеңіл дәреже – тіс сауытының 1/3 бөлігіне дейін, орташа – тіс сауытының ½ жетсе, ауыр дәрежесі – тіс сауыттарының 2/3-тен артық бөлігін жауып жатады) тіс сауытының көрінетін бөлігін визуальды бағалау және пародонтальды сүңгі көмегімен вертикальды сүңгілеу арқылы анықталды.


Салыстырмалы диагностика ортопантомограмма көмегімен жасалды.

Қорытынды және талдамалар: Қызылиектің созылмалы өсе қабынуының таралуы (диаграмма № 1) келесідей көрсеткіштер көрсетті: бірінші топта – 14,2%, екінші топта - 16%, үшінші топта – 33,3% болды. Қызылиектің созылмалы өсе қабынуының таралуы үшінші топта жоғары болуы 1 жылдан аса брекет-жүйесін қолданған науқастарда болатындығын көрсетті.



1 диаграмма - Алынбайтын ортодонтиялық техникамен ем алып жатқан науқастардағы қызылиектің созылмалы өсе қабынуының таралуы.

MAPI индексі (№ 2 диаграмма): бірінші топтағы науқастарда – 13,3%, екінші топта – 22,5%, ал үшінші топта – 32,6%-ды құрап, пародонттағы қабыну процесі орта есеппен алғанда брекет-жүйесін қолданғаннан жарты жылдан кейін 1,6 есеге, және бір жылдан кейін 2 есеге ұлғаятындығын көрсетті. Бірінші және екінші топтағы науқастардың ауыз қуысының гигиеналық жағдайы қанағаттанарлық деп бағаланды.



2 диаграмма - Алынбайтын ортодонтиялық техникамен ем алып жатқан науқастардағы МАРІ индексі.

Бірінші топтардағы науқастардың қызылиек жағдайы екінші топтардағы науқастарға қарағанда салыстырмалы түрде алқызыл түсті, домбығудың жоқтығымен ерекшеленді.

Үшінші топтағы науқастар ауыз қуысы гигиенасының нашар болуымен қатар, әлсіз тиген кезде оңай қанағыштығымен, ал кейде орташа, кейде ауыр дәрежелі өсе қабынуымен ерекшеленді. Бұл эластикалық сақиналар, кнопкалар, пружиналар және т.б. сияқты әр түрлі ортодонтиялық конструкциялардың болуына байланысты ауыз қуысы гигиенасының күтімінің нашарлауы алынбайтын ортодонтиялық техниканы қолданғаннан 12 айдан кейін ұлғаятындығын көрсетті.

Қорытынды. Осылайша, қызылиектің созылмалы өсе қабынуы алынбайтын ортодонтиялық техниканы қолданғаннан жарты жылдан кейін ауыз қуысы гигиенасының нашарлауымен байланысты екендігі анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Арсенина, О.И. Алгоритм профилактических мероприятий при ортодонтическом лечении с использованием несъемной техники / О.И. Арсенина, б. О.А. Фролова, А.В. Попова, Н.В. Попова // Ортодонтия. – 2009. – № 1. – С.44—45 бет.
2. Петрунина, О.В. Клинико-цитологическая диагностика воспалительных осложнений в тканях пародонта при ортодонтическом лечении с использованием несъемной техники. Автореф. дис. канд. мед.наук. – Москва, 2008. - 27 бет.
3. П.А. Железный, Е.Ю. Русакова, К.С. Щелкунов, Е.Ю. Апраксина, А.А. Дудленко, П.И. Пушили, С.Е. Акимова, А.Ф. Кортс, И.М. Сартакова, И.Л. Сергеева. Состояние факторов местного иммунитета полости рта в процессе комплексного ортодонтического лечения. Тихоокеанский медицинский журнал, 2013, № 1, 26 бет.
4. Денисова, Ю.Л. Состояние периодонта у больных с зубочелюстно- лицевыми аномалиями в период ортодонтического лечения современной несъемной техникой // Пародонтология (Санкт-Петербург). –2004. – No 1. – С. 23–27 бет.

Автор для корреспонденции: Искалиева Венера Биржановна, НАО «КазНМУ им.С.Д.Асфендиярова», магистрант 1-го года обучения, контактные данные: 8 707 513 21 15,venera_15_96@mail.ru



КОПБАЕВА М.Т., МАНАП А.Е.

КЕАҚ «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті»

ТІСТІҢ ТІСЖЕГІЛІК ЕМЕС ЗАҚЫМДАНУЫН ЕМДЕУДЕ РЕМИНЕРАЛИЗАЦИЯЛАУШЫ КЕШЕНДІ ҚОЛДАНУДЫ НЕГІЗДЕУ

Стоматологиялық науқастардың жиі шағымданатын мәселелерінің біріне тістердің аса сезімталдығы жатады. Гиперестезияның бірден бір этиологиялық факторы ретінде тіс жарып шыққаннан кейін дамиды тісжегілік емес ақаулар қарастырылады. Тістердің аса сезімталдығы тіс қатты тіндерінің құрылымдық жеткіліксіздігіне байланысты орын алатындықтан, патологияның тиімді ем тәсілі ретінде қатты тіндер құрылымын қалпына келтіруді ұсынуға болады. Бұл тұрғыда, тіс қатты тіндерінің негізгі құрылыс материалы саналатын гидроксипатитті қолдану тиімділігі көптеген ғалымдармен дәлелденген.

Кілт сөздер: Гиперестезия. Реминерализациялаушы терапия. Десенситайзер. Тісжегілік емес ақаулар.

КОПБАЕВА М.Т., МАНАП А.Е.

НАО «КазНМУ им.С.Д.Асфендиярова»

ОБОСНОВАНИЕ ПРИМЕНЕНИЯ РЕМИНЕРАЛИЗУЮЩЕГО КОМПЛЕКСА В ЛЕЧЕНИИ НЕКАРИОЗНЫХ ПОРАЖЕНИЙ ЗУБОВ

Изучена и доказана высокая эффективность применения нового реминерализующего препарата на основе гидроксипатита кальция для лечения гиперестезии при некариозных поражениях тканей зубов, возникающих после прорезывания зубов.

Ключевые слова: Гиперестезия. Реминерализующая терапия. Десенситайзер. Некариозные поражения зубов.

КОРВАУЕВА М.Т., МАНАР А.Е.

"KazNMU named after S.D. Asfendiyarov"

SUBSTANTIATION OF APPLICATION OF THE REMINERALIZING COMPLEX IN THE TREATMENT OF NON-CARIES DENTAL INJURIES

The high efficiency of the use of a new remineralizing preparation based on calcium hydroxyapatite for the treatment of hyperesthesia in non-carious lesions of tooth tissues that occur after teething has been studied and proved.

Key words: Hyperesthesia. Remineralizing therapy. Desensitizer. Non-carious lesions of the teeth.

Зерттеудің өзектілігі. Соңғы жылдары зерттелушілердің назары стоматолог-дәрігердің тәжірибесінде жиі кездесетін тісжегілік емес ақауларға бағытталған. Заманауи стоматологияның қарқынды дамуына қарамастан, патологияның таралу деңгейінің төмендеу тенденциясы байқалмайды [1].

Біздің назарымызды клиникалық көрінісі гиперестезиямен ілесетін тіс жарып шыққаннан кейін дамиды (кіреуке эрозиясы, сына тәрізді ақау, патологиялық қажалу, некроз және тіс қатты тіндері ақауының үйлескен аурулары) тісжегілік емес ақаулар тобы аударды. Механикалық, химиялық және температуралық тітіркендіргіштерге тістердің аса сезімталдығы немесе гиперестезия, тіс қатты тіндерінің- кіреуке және дентиннің құрылымдық жеткіліксіздігіне байланысты болады [2]. Гиперестезия көріністері науқастардың өмір сапасын төмендетіп, сонымен қатар ауру сезімі ауыз қуысының жеке

гигиенасын жүргізуді қиындатады, гигиенаның жеткілікті деңгейде жүргізілмеуі өз кезегінде тісжегі және пародонттың қабынуына әкеледі.

Кіреуке мен дентин аса сезімталдығының кездесу жиілігі және оны емдеу күрделілігі, бұл ауруды емдеуде заманауи және қолжетімді препараттарды қолдануға итермелейді.

Зерттеу мақсаты. Тіс жарып шыққаннан кейін дамитын тісжегілік емес ақаулар кезіндегі гиперестезияны емдеуде наногидроксиапатит негізіндегі реминерализациялаушы кешенді қолдануды негіздеу.

Зерттеу әдістері. Біздің бақылауымызда кіреуке эрозиясы, патологиялық қажалу және сына тәрізді ақауы бар 18-32 жас аралығындағы 48 науқас болды.

Реминерализациялаушы кешенді қолдануға дейін және қолданғаннан кейін динамикада клиникалық (сұрау, қарап тексеру, зондылау, перкуссия) және қосымша зерттеу әдістері (Schiff бойынша ауалы сынама, тіс тіні сезімталдығының табалдырығын анықтау) жүргізілді. Сезімталдықтың ауырлық дәрежесі Ю.А.Федоров бойынша анықталды (1981) [3].

Schiff сынамасы тістің вестибулярлы бетіндегі мойын аймағының сығылған ауа ағынына реакциясын бағалайды. Ауа ағыны стоматологиялық қондырғы пистолетінен тестіленіп отырған тіс бетіне перпендикулярлы 1 см қашықтықта 1 секунд аралығында беріледі.

Клиникалық ағымына қарай ауырлық дәрежесі келесідей анықталды: 1-ші дәрежелі ауырлық - ауру сезімі температуралық тітіркендіргіш әсерінен туындайды, электроодонтометрия көрсеткіші (ЭОД) 5-8 мкА; 2-ші дәрежелі ауырлық - ауру сезімі температуралық және химиялық тітіркендіргіштерден туындайды, ЭОД 3-5 мкА-ге сәйкес; 3-ші ауырлық дәрежесі - ауру сезімі температуралық, химиялық және тактильді тітіркендіргіштен туындайды, ЭОД 0,5-2,5 мкА тең [4].

Гиперестезия симптомдарының көрінісіне қарай зерттелушілер 3 топқа бөлінді: А – 1-ші ауырлық дәрежесі бар 17 адам; В – 2-ші ауырлық дәрежелі 20 адам; С – 3-ші ауырлық дәрежелі 11 адам.

Барлық бақыланушыларға ауыз қуысының профессионалды гигиенасы жүргізілгеннен кейін тәулігіне бір рет тіс қатты тіндерін қалпына келтіру үшін арнайы реминерализациялаушы кешен «Biorepair»-ді («Coswell» өндірісі, Италия) силиконды қаппада 3 минуттан 7 күн қолдану ұсынылған.

Зерттеу нәтижелері. Ауырлық дәрежесіне тәуелді бастапқы сезімталдық көрсеткіштері әр түрлі деңгейде болды. Шифф сынамасы емге дейін А тобында 1,49±0,11 балл, В тобында – 2,48±0,13 балл және С тобының зерттелушілерінде – 2,96±0,14 баллды құрады. Айтылған қаппаны қолданудың 3-ші күнінен кейін барлық топтың науқастары гиперестезия сезімінің азаюын мәлімдеді. А тобында Шифф сынамасы көрсеткішінің нақты ($p < 0,001$) азаюы, 1,49±0,11 баллдан 0,95±0,09 баллға төмендеуі байқалды. В және С топ науқастарында сынама көрсеткіштері сәйкесінше 1,42±0,10 және 1,70±0,08 баллға дейін төмендеді. Ремкешенді қолданудың 7 күнінен кейін барлық топта аса сезімталдықтың бастапқы көрсеткіштермен салыстырғанда төмендеу деңгейі айтарлықтай болды. А тобының зерттелушілерінің 94,1 %-ында Шиффтың ауалық сынамасына реакция толық жойылды, 5,9% жағдайы айтарлықтай жақсарды. В және С тобының науқастары 90,0% және 90,9% сәйкесінше тіс қатты тіні гиперестезия симптомының толық басылуын және 10,0% және 9,1% жағдайда елеулі жақсаруын айтты.

Тістің сезімталдық табалдырығын анықтау нәтижелерін саралау да «Биорепейр» ремкешенінің тіс гиперестезиясының емінде жоғары клиникалық тиімділігін көрсетті. Барлық топтарда статистикалық нақты ($p < 0,01$) көрсеткіштердің көтерілуі байқалды, бұл тістің тітіркендіргіштер әсеріне сезімталдық табалдырығының жоғарылағанын көрсетеді. В бақылау тобында да сәйкес тенденция байқалады: сезімталдық табалдырығы сәйкесінше 34,2% және 54,8% көтерілді. Реминерализациялаушы кешенді қолданғаннан кейін тітіркендіргіштерге сезімталдық табалдырығының айқын көтерілуі С тобының зерттелушілерінде, яғни 3-ші дәрежелі ауырлық сезімталдығы бар науқастарда бақыланды,

Зерттеу нәтижесінде реминерализациялаушы кешен «Биорепейр»-ді қолдану дентин түтікшелерінің жағдайын қалыптандырып, тіс қатты тіндері сезімталдығының азаюына

әкелетіні дәлелденді. Ем әсерінің 7 күндік қолданыстан кейін артуы, препараттағы кальций гидроксипатитінің тіс тіндерінде жинақталып, депо түзуімен түсіндіріледі. Препараттағы кальций гидроксипатиті ине тәрізді микробөлшектер түрінде болып, кіреукенің микробұзылыстарын бітейді де, кіреукені қалпына келтіре отырып, тістің сыртқы бейнесін жақсартады.

Тұжырым. Осылайша, «Биорепейр» реминерализациялаушы кешенін қолдану нәтижелері препараттың жоғары терапиялық тиімділігін көрсетіп, тістер гиперестезиясының емінде қолданатын таңдау препараты ретінде ұсынуға негіз береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Белоклицкая Г.Ф. Возможность устранения цервикальной гиперестезии при использовании зубной пасты // Современная стоматология.-2002.-№4.-С.61-62.
2. Макеева И.М., Полякова М.Ю., Парамонов Ю.О. Ападент про: новые возможности профилактики стоматологических заболеваний // Бионика-медиа, Фарматека. — 2014.-С. 44-45.
3. Жолудев С.Е., Димитрова Ю.В. Современные методы профилактики и лечения постоперативной гиперестезии в ортопедической стоматологии // Проблемы стоматологии.-2013. -№1.-С. 8-15.
4. Копбаева М.Т. Клиника, диагностика, лечение некариозных поражений зубов. –Алматы, 2019.-126 с.

Автор для корреспонденции: Манап Айгерим. Магистрант 1- года обучения КазНМУ. Руководитель д.м.н., профессор Копбаева М.Т., +77471016779 manap-aygerim@mail.ru



УДК: 616.127-005.8

**МАЛТАБАРОВА Н.А., ЖУМАБАЕВ М.Б., НАБИЕВ Д.Е., ИВАНОВА М.П.,
НАРБАЕВА К.А.**

НАО «Медицинский университет Астана», г.Нур-Султан

ОСОБЕННОСТИ ТЕЧЕНИЕ ВНЕБОЛЬНИЧНОЙ И ВНУТРИБОЛЬНИЧНОЙ ПНЕВМОНИИ У ПАЦИЕНТОВ С ИНФАРКТОМ МИОКАРДА

